



### ОЗҒАН АУЫЛДАН ТОЗҒАН АУЫЛ КӨП

6-БЕТ | САРАПТАМА



### ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР ЖАЙЛЫ МА?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕ – 110 ЖЫЛ

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Елордамыз дамудың жаңа үлгісіне көшуге, Астана инновациялық шаһар болуға тиіс. Әлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлық тәсілдері қарқынды түрде енгізіліп жатыр. Біз де бұған баса назар аударуымыз керек. Біз Астананы жасампаз, жайлы және таза қала қағидасына сәйкес дамытуымыз керек. Әлемдегі барлық озық тәжірибені тиімді пайдалануымыз керек.

№13  
(4446)

Бейсенбі  
2 ақпан  
2023 жыл




# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕЛОРДАНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЙТА ҚАРАЛЫП, ЖАҢАДАН ДАЙЫНДАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізіп, бас шаһардың даму стратегиясын қайта қарап, жаңадан негізгі жоспар дайындауды тапсырды. Үкімет оны жыл соңына дейін мақұлдауы тиіс. Президент сыртқы түр-тұрпаты жалтылдап тұрғанымен, қаланың бүгінгі ахуалына көп сын айтты. Астанаға қойылатын талаптың жоғары болуын ескертіп,

тек экономикаға ғана емес, сәулет, урбанистика, руханият және әлеуметтік салаларға қатысы бар түйіні тарқатылмаған мәселелерді, кеткен кемшіліктерді жіпке тізгендей ашық айтты. Жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Үкімет басшысының орынбасарлары баяндама жасады.

2-3



### 20 МИЛЛИОНҒА ЖАҚЫНДАДЫҚ

2023 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша Қазақстан халқының саны 19 765 004 адам болды. Бұл мәліметті Ұлттық статистика бюросы жариялады.

Ел тұрғындарының ішінде қалалықтар саны 12208,2 мың болса, 7556,7 мың адам ауылдық жерлерде тұрады.

Статистика мамандарының мәліметінше, табиғи өсім есебінен халық саны 268

791 адамға өскен, көші-қон сальдосы көрсеткіші теріс 6946 болып тіркелген.

Деректерге қарап биыл жылдың соңына дейін Қазақстан халқының саны 20 миллионға жетеді деген болжам бар.

### ДӘСТҮРЛІ ҚЫС МЕРЕКЕСІ

Биыл елордада «Бұрқасын» дәстүрлі қысқы фестивалі 19 ақпанда өтеді.

«Бұрқасын-2023» жарыстары спорттың 10 түрінен: шаңғы жарысы, гір тасын көтеру, қол күресі, белбеу күресі, арқан тартыс, пималы хоккей, қармен нысананы дәлдеп ату, автоспорт, мотоспорт және қысқы футбол бойынша өтеді.

Жарысқа қатысуға денсаулығы жарамды барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Тіркеуден өту кезінде өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжат болуы қажет, – делінген қала әкімдігінің мәліметінде.

Шаңғы жарысына тіркеу және бастапқы нөмірлер әр жас тобы бойынша жарыс кестесіне сәйкес 30 минут бұрын беріледі.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 498.69 \$ USD/KZT 460.51 ₪ RUB/KZT 6.53 ¥ CNY/KZT 68.2

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№13 (4446) 02/02/2023 Бейсенбі

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМ  
ДАМЫМАЙ,  
АЛҒА БАСПАЙМЫЗ**

Президент Астананың инфрақұрылымын дәйекті түрде дамыту қажеттігін мәлімдеді. Урбанизация үдерісінің қазіргі қарқыны сақталатын болса, елорда халқының саны 2030 жылға қарай екі миллион адамға жетуі мүмкін. «Қала тез үлкейіп келеді. Сол себепті қазіргі таңда Бас жоспарға қойылатын талаптар жиі бұзылады. Сондықтан инженерлік инфрақұрылымды кешенді түрде дамыту – басты міндет. Алайда бұл бағытта бірқатар мәселе бар. Атап айтқанда, әкімдік ЖЭС-3-ті пайдалануға бере алмай келе жатқанына 10 жылдан асты. Жобаны аяқтау мерзімі бірнеше рет шегерілді. Бұл оның 53 миллиард теңгеге қымбаттауына себеп болды. Аталған мәселе 2019 жылы көтерілді. Бірақ нысанның әзірлік деңгейі бұрынғыдай 83 пайызды құрап отыр. Нәтижесінде, қазір елорда 300 гигакалорийден астам жылу энергиясы тапшылығынан зардап шегіп отыр. Үкімет әкімдікпен бірлесіп, жыл соңына дейін ЖЭС-3-тің бірінші кезеңінің іске қосылуын қамтамасыз етуге және екі газ қазандығының құрылысын аяқтауға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

**ЗАҢ БҰЗҒАН  
КОМПАНИЯЛАРДЫҢ  
ЖОЛЫН КЕСУ КЕРЕК**

Президент аса маңызды міндеттерге – электр қуатымен тұрақты түрде қамтамасыз ету мен қаланы газбен қамту мәселесіне назар аударды. «2019 жылы «Сарыарқа» магистральді газ құбырының бірінші кезеңі аяқталды. Әкімдіктің міндеті – 300 мыңнан астам адам тұратын тұрғын үй алаптарына газ жеткізу. Қазіргі таңда небәрі 8 мыңға жуық абонент газға қосылған. Газбен қамту қарқынының баяу болуы салдарынан экология бүлінеді. Аязды күндері пешпен жылытылатын үйлердің түтіні қаланы басып қалады. Елорданы газбен қамту ісін аяқтау жөнінде бұған дейін бірнеше рет тапсырма бердім. Бірақ оның орындалу мерзімі үнемі кейінге шегеріледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, газ желісіне қосылу шығыны азаматтарымыз үшін қымбатқа түсіп жатыр. Құны екі миллион теңгеге дейін барады. Мұндай жағдай барлық аймақта байқалады. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, халық үшін газға қосылудың тиімді әрі ашық бағасын бекіту жөнінде нақты ұсыныстар енгізу тапсырылды. Сондай-ақ тұрғын үй құрылысы саласында қордаланған мәселе көп. «Төрт мыңға жуық үлескердің мәселесі әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей тұр. Әкімдік пен Үкімет бұл мәселені жылдың соңына дейін шешуге тиіс. Сонымен қатар заңнамалық базаның осалдығы салдарынан қалада жаңа түйткілді нысандар пайда болуы мүмкін. Қазір Астанада рұқсат етілген құжаттары жоқ 90-нан астам тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Құрылыс компаниялары жай ғана мардымсыз айыппұл төлеп, азаматтардан ақша тартуын қояр емес. Үкімет мемлекеттік реттеу шараларын қатаңдатқаны жөн. Құрылыс компанияларының заңды белден басып, үлескерлерден ақша тартуына жол беруге болмайды.

**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:****АСТАНАНЫҢ  
КЕЛБЕТІН МЕЙЛІНШЕ  
ЖАҚСАРТУ ҚАЖЕТ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Президент жиында сөйлеген сөзінде ел дамуындағы Астананың орны ерекше екенін атап өтті. Қалаға қойылатын талап та жоғары болады және бұл – тек экономикаға байланысты емес, архитектуралық, урбанистикалық, рухани және әлеуметтік салаға қатысты бар мәселе. Қасым-Жомарт Тоқаев қол жеткізген жетістіктерге тоқмелейсімеуді ескертіп, астананы дамыту жөнінде бірқатар нақты міндет қойды. Жиын барысында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр және Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов баяндама жасады.

жұрт жаппай демалатын орынға айналырауға болады. Қоғамдық кеңістікті дамытудың бірінші тұжырымдамасын қабылдаған жөн» деді Президент.

Сонымен қатар қаланың келбетін сақтап қалу және қаладағы орынсыз құрылыс жұмыстары көбейіп кеткені жайында айтылды. Көлік тұрағы жоқ үйлердің көптеп салынуы тағы бір маңызды мәселе ретінде атап өтілді. «Қазір жұрт балаларын сыртқа шығарудан қорқады. Өйткені ауланың бәрі автокөлікке толып тұр. Бұдан былай көлік тұрағы болмаса, бірде-бір үй салынауы керек. Үкіметке нақты шешім қабылдауды тапсырамын. Сондай-ақ Министрліктер үйінің маңында автотұрақ тапшы. Жұрт көлігін қайда қоярын білмей әуре-сарсаңға түседі. Тіпті, көліктерін жақын жердегі үйлердің ауласына қоюға мәжбүр болады. Бұл тұрғындарға үлкен қолайсыздық тудыратыны түсінікті. Бас прокуратура және «Жусан банк» ғимаратының ортасында бос жер бар. Жоғарғы Сот ғимаратының артындағы алаң да бос жатыр. Әкімдікке осы екі жердің біріне көп қабатты жабық паркинг және жаяу адам өтетін көпір салу мүмкіндіктерін қарастыруды тапсырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ЖАСЫЛ ШАҒАРҒА  
АЙНАЛА АЛАМЫЗ БА?**

Президент қаланың абаттандырылу, көшелерді жарықтандыру, сондай-ақ қала ішіндегі қардың уақтылы шығарылу мәселелерін сынға алды. Оның айтуынша, қар жауып, боран соқса, тұрғындар қарға малтығып жатады. Жақында Астана көшелері бірнеше күн бойы кәдімгі мұз айдына айналды. Қаланы көгалдандыру ісін біртұтас тұжырымдамасы да жоқ. «Әр аудандық әкімдік өз білгенімен әрекет жасайды. Шаһардағы жасыл желектің саны мен сапасы туралы нақты мәлімет жоқ. Яғни, жүйелі жұмыс жүргізілмейді. «Астана-көгалдандыру құрылысына» қарасты тәлімбақтың мүмкіндігі толық қолданылмай отыр. Дұрыс күтім болмаған соң, қала аумағындағы көшеттер қурап жатыр. Көгалдандыру кезінде отырғызылатын жасыл желектің 10 пайызы ғана – көпжылдық өсімдіктер. Бір маусымдық гүлдерге жыл сайын шығындану – қаржыны желге шашу деген сөз. Әкімдікке үш жылдың ішінде көпжылдық өсімдіктердің үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуді тапсырамын. Сіздерге нақты міндет қоямын: алдағы бес жылда елордамыз жасыл шаһарға айналуы керек» деді Президент.

**ЕМХАНАДА КЕЗЕК КӨП,  
ПЕРЗЕНТХАНАДА  
ОРЫН ЖОҚ!**

Мемлекет басшысы азаматтардың әл-ауқатын арттыруға баса мән беру қажет екенін айтты. Үкімет әкімдікпен бірлесіп, қаладағы жастармен жұмысты күшейтуі қажет. Сондай-ақ қала медициналық қызметтің сапасына және оның қолжетімді болуына қатысты шағым көп екеніне назар аударды. «Елорда тұрғындарының саны соңғы 10 жылда 2,5 есе өсті. Медицина инфрақұрылымы бұл қарқынға ілесе алмай жатыр. Емханаларда кезек көп. Перзентханаларда орын тапшы. Ондағы жүктеме қалыпты нормадан 68 пайызға артық. Сондай-ақ кейбір ауруханада санитарлық



Бұл жұмысқа Қаржылық мониторинг агенттігі атсалысуға тиіс» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жер телімін бөлу жұмыстарының ашық болмауына қатысты өкілетті органдарға арыз-шағым көп түсетінін атап өтті. Әңгіме белгілі құрылыс компанияларына жасалатын «айрықша» Мемлекет басшысы бұл процестің түгелдей ашық болуы керек екенін айтып, жерді цифрлық сервистер арқылы және конкурс негізінде бөледі тапсырды.

**КӨЛІК САЛАСЫ  
ДАМУЫ ҚАЖЕТ**

Сонымен қатар Астананың көлік жүйесін дамыту мәселесіне де тоқталды. «Автокөлік саны жыл сайын көбейіп жатыр. Сол себепті көлік кептелісі өте

күрделі мәселеге айналды. Бұл, тіпті, қала тұрғындарының ашу-ызасын туғызып отыр. Мысалы, Мәңгілік ел даңғылы кептелістен көз ашпайды. Тәуелсіздік даңғылында салынып жатқан көпірдің құрылысын осы жылдың соңына дейін аяқтау қажет. Сонымен қатар кіші айналма жолдың (46 шақырым) құрылысы созылып кетті. Оның үстіне жаңа тұрғын үй кешендерін салғанда, жол мәселесі толықанды ескерілмейді. Бір сөзбен айтқанда, көлік саласын дамыту жұмысы ақсап тұр» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана әкімдігіне LRT-ға қатысты жұмысты мейлінше тездетіп аяқтауды тапсырды. «Мен бұрын да айттым. LRT жобасы негізінен, қате болды. Бірақ қазіргі таңда басқа амалымыз жоқ. Бұл жобаны жүзеге асыруымыз керек. LRT-ның

құрылысын тоқтатсақ, шығын одан да көп болады. Ал балама жобалар жоқ» деді Мемлекет басшысы.

**ҚОҒАМДЫҚ  
КЕҢІСТІКТЕРДІҢ  
БІРЫҢҒАЙ  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КЕРЕК**

Президент Қаланы дамыту тұжырымдамасын қайта қарауды ұсынды. Оның пікірінше, қазір Астанада саябақтар жетіспейді, тұрғындар серуенге шығатын, демалатын орындар аз. Бірақ қала әкімдігі мұны ескермей, құрылысқа рұқсат береді. Саябақтарды, жаяу адамға арналған көшелерді көбейту қажет. «Қазір Есідің жағасына дұрыс көпір бөлінбей отыр. Мысалы, көрші елдегі Қазан қаласының тәжірибесін зерттеп көруге болады. Бұл қаланың көшелері, саябақтары

және жағалау алаңдары өте әдемі және тартымды. Біздің мақсатымыз – елордамызды жылдың кез келген мезгілінде халқымызға және шетел адамдарына барынша қолайлы ету, Астананың келбетін мейлінше жақсарту. Өзенге жаяу адам жүретін көпірлер салу керек. Мұндай өткел, әсіресе, қазір салынып жатқан Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің маңайына қажет. Көлік жүруге болмайтын көшелер жөнінде талай рет айтылды. Бірақ қалада ондай бірде-бір көше салынған жоқ. Жалпы, әлемдік тәжірибеде дәл осындай көшелер көптеп салынады. Бұл мәселені мұқият ойластыру керек. Білікті мамандарды тартып, оңтайлы шешім қабылдауға болады. Мысалы, бізде ЭКСПО аумағы бар. Бір қарағанда, өте әдемі жер. Бірақ қаңырап бос жатыр. Шын мәнінде, оған жан бітіріп,

талаптар сақталмайды. Балалар емханасындағы қабылдау бөлмелері заман талабына сай емес. Қалада балаларға арналған жалғыз травматология пункті бар. Жарақат алған балалар сол жерде ұзын-сонар кезекте тұруға мәжбүр болады. №3 көпсалалы балалар ауруханасы тек инфекциялық аурулардан емдейді. Онда хирургия, офтальмология және травматология бөлімдері жұмыс істемейді. Елорда үшін бұл – ұят нәрсе. Денсаулық сақтау министрлігі қала әкімдігімен бірлесіп, балалар медицинасына қатысты мәселенің бәрін шешуі қажет» деді Президент.

#### БАЛАБАҚША МЕН МЕКТЕПТЕ ӘЛІ ДЕ ОРЫН ТАПШЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана дарынды және зиялы азаматтар шоғырланған орталыққа айналуда тиіс деп есептейді. Бірақ бұған кедей болып отырған жайттар бар. Соның бірі – балабақшадағы және мектептегі орын тапшылығы. Қазір балабақша кезегінде 45 мың бала тұр. «Астанада білім ошақтарының құрылысы баяу жүріп жатыр. Былтыр небәрі 3 мектеп салынды. 8 мектеп дер кезінде пайдалануға берілмеді. Соның кесірінен бала саны артық және үш ауысыммен оқытатын мектептер көбейді. Кей сыныптарда 30-дан астам бала оқиды. Бұл, әрине, білім сапасына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектептер де орын жетіспейді. Әкімдік Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, мұның бәрін шешуге баса мән беруі керек. Жалпы, мектеп салу мәселесі бұл – стратегиялық міндет. Оны орындау үшін мемлекет қана емес, қалталы азаматтар да белсене атсалысуы керек. Мен бұл мәселені осыған дейін де талай рет айттым. Бірақ ниеті бар азаматтарды және нақты іс-әрекетті өзгеріс көріп отырған жоқпыз. Жалпы, жеке қаржыға мектеп салудың жолдарын ойластырған жөн. Сонымен қатар педагог мамандардың тапшылығын толығымен жою – маңызды міндет. Ұстаздардың біліктілігін арттыру мәселесі басты назарда болуға тиіс. Жалпы, қаланың білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтерген жөн. Өзірге бұл бағытта айтарлықтай ештеңе жасалып жатқан жоқ» деді Мемлекет басшысы.

#### АСТАНА АГЛОМЕРАЦИЯСЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТРЕК

Президент Астананың және Астана агломерациясының

экономикалық әлеуетін жүйелі түрде арттыру қажет деп пайымдайды. Елорданың қарқынды экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, арнайы экономикалық аймақтардың жұмысын қайта қарау керек. «Өңдеу өнеркәсібін, IT секторды және жаңа технологияларды дамытуға баса назар аударатын, арнайы экономикалық аймақ жұмысын қайта ұйымдастыратын уақыт жетті. Сапалы жұмыс орындарын ашу керек. Ол үшін тиісті инфрақұрылым қажет. Дегенмен бұл бағыттағы жұмыс көңіл көншітпейді. №1 Индустриалды парктің іші 95 пайыз толғанымен, әкімдік оның инфрақұрылымын он жылдан бері аяқтай алмай келеді. Бұл мәселе көптен бері көтерілгенімен, әлі нәтиже жоқ. Мысалы, «Seleno Insulations» ЖШС-нің құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын зауыты алты жылдан бері жылу желілеріне қосыла алмай келеді. Оның үстіне 2017 жылдан бері әкімдік №2 Индустриалды паркке коммуникация жүргізбеген. Тіпті жобалық-сметалық құжаттамасы да жоқ. Шын мәнінде, бүгінде әлеуетті инвесторлар сұраншақтың күйін кешіп отыр. Қолын бір сілтеп, кетіп қалатыны содан. Нәтижесінде, Астана ірі көлемдегі инвестициядан қағылады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қаладағы өте өзекті мәселе – инфляцияның жоғары болуы. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бағаның қымбаттауы 23 пайызға жеткен. Бұл – республикадағы ең нашар көрсеткіштердің бірі. Астанада азық-түлік бір жылда, орта есеппен, 25 пайызға қымбаттады. Әкімдік тұрақтандыру қорында резерв жинауды қойып, «айналым схемасы» аясында сауда желілеріне жеңілдікпен займ беруге көшті. 14 миллиард теңге бөлінген. Бұл – өңірлер арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш. «Қабылданған шаралардың тиімсіз екені анық. Жылдар бойы елорданың айналасында азық-түлік белдеуін дамыту туралы айтылды, бірақ бұл жұмыс орындалмады. Астана азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіреді. Жалпы, барлық өңірмен салыстырғанда, қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұр. Кейінгі 8 жылда елордаға әкелінікті азық-түлік импорты 3 есеге артты. Негізінен, осы жерде шығаруға болатын өнімдер туралы сөз болып отыр. Бұл

ретте жергілікті қайта өңдеу кәсіпорындары тек жарым-жартылай жұмыс істеп тұр. Көкөніс сақтайтын қойманың жетіспеуі салдарынан жағдай қиындап отыр. Сондықтан 2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қоймалар салу керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдіктерімен бірлесіп, елорданың айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдағаны жөн» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана агломерациясын жүйелі дамытуды стратегиялық маңызды бағыт ретінде атап



өтті. Елорда мен қала маңы арасындағы тығыз сауда-экономикалық, көлік-логистикалық кооперацияны ынталандыру қажет екені айтылды. Жаңа өндірістік кәсіпорындар мен инфрақұрылымдық нысандарды орналастыру елорда іргесіндегі ауылдардың әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Бұл Астана қаласы мен оған жақын орналасқан елді мекендердің тұрмыс деңгейіндегі алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. «Астананың және Ақмола облысының әкімдері қала маңындағы аудандарда тұратын жұрттың әл-ауқатын арттыруға күш салуы керек. Астана агломерациясы инвестиция тартуға, инновацияларды енгізуге және білікті мамандардың еңбек етуіне барынша ыңғайлы болуға тиіс. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет. Әлем экономикасында түбегейлі өзгерістер болып жатқан қазіргі кезеңде бұл – өте өзекті мәселе. Біз осы тарихи мүмкіндікті пайдаланып, елорда аймағын еліміздің экономикалық тірегіне айналдыруымыз керек» деді Мемлекет басшысы.

#### ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Президент елордамыз дамуының жаңа үлгісіне көшуге, Астана инновациялық шаһар болуға тиіс екенін атап өтті. Өлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлық тәсілдері қарқынды түрде енгізіліп жатыр. Біз де бұған баса назар аударуымыз керек. «Мен Біріккен Араб Әмірліктеріндегі G42 компаниясының басшыларымен арнайы кездестім. Бұл компания жасанды интеллектті дамыту ісінде көш бастап отыр. Олар «ақылды қала» жобасы аясында осы саладағы озық тәжірибесін бізге ұсынуға дайын. Әкімдікке Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, бұл жұмысты дереу



#### ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің биыл қаңтарда жүзеге асырылған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есеп берілді. Ғалымжан Пірматов Қазақстан экономикасының қазіргі ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан

шаралар жөнінде мәлімет берді. Сондай-ақ БЖЗК, Ұлттық қор және алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы баяндады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді іске асырудың және валюта нарығын одан әрі жетілдірудің маңыздылығын атап өтті.

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**  
ҚР Президенті жанындағы  
Ұлттық құрылтай мүшесі,  
ҰҒА академигі,  
Астана қаласы Қоғамдық  
кеңесінің мүшесі:



#### ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңес болып өткені белгілі.

Келелі кеңесте елордада қордаланған көкейтесті мәселелер күн тәртібіне қойылды. Атап айтқанда, Президентіміз ЭКСПО аумағындағы бос жатқан жерлерді жаппай қала тұрғындары демалатын орынға айналдыру, Астана келбетін келісті ету, ғимараттарды салуда әлемдік сәулет үлгілерін тиімді пайдалану, көшенің көркін бұзған жарнамаларды реттеу туралы мәселелерді тілге тиек етті.

Ашығын айтсақ, әрбір көтерілген көкейтесті мәселе елорда тұрғындарын көптен бері толғантып жүргені анық еді. Әсіресе, «Бұдан былай көлік тұрағы болмаса, бірде-бір үй салынбауы керек. Жалпы, ашық алаңда орналасқан автотұрақтар ақылы болуы керек. Әйтпесе, осындай келеңсіз жағдайлар жалғаса береді. Үкіметке нақты шешім қабылдауды тапсырамын. Сондай-ақ Министрліктер үйінің маңында автотұрақ тапшы. Жұрт көлігін қайда қоярын білмей әуре-сарсаңға түседі. Тіпті, көліктерін жақын жердегі үйлердің ауласына қоюға мәжбүр болады. Бұл тұрғындарға үлкен қолайсыздық тудырады» деген Мемлекет басшысы көптің көңіліндегісін дөп басқанын айтқанымыз абзал.

Астана қаласы Қоғамдық кеңес мүшелері де көптен бері көтергенмен, алайда шешімін таппай келе жатқан маңызды мәселеге мән беріп, Үкіметке арнайы тапсырма беруі - Президенттің «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты іске асып жатқанының жарқын көрінісі деп бағалауға әбден болады.

Жоғары білім бойынша республикалық Тәуелсіз эксперттер тобының басшысы ретінде маған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елорданың білім деңгейін халықаралық деңгейге көтеру, ол үшін әлемдік университеттердің бөлімшелерін ашуды қолға алып, педагог мамандардың тапшылығын жоюды міндеттеп, қаланың білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру керектігі туралы айтқаны қатты әсер етті. Жақында ғана Астана қаласының жаңа әкімі Жеңіс Қасымбек Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездескенде де осы мәселені көтеріп, Елордада Педагогикалық университет ашу керектігін айтқан едік. Енді, міне, Мемлекет басшысы «Елімізге халықаралық стандарттарға сай аккредитациядан өткен білім ошақтары қажет. Жоғары оқу орындары көштен нақты шешім қабылдауды тапсырамын. Сондай-ақ Министрліктер үйінің маңында автотұрақ тапшы. Жұрт көлігін қайда қоярын білмей әуре-сарсаңға түседі. Тіпті, көліктерін жақын жердегі үйлердің ауласына қоюға мәжбүр болады. Бұл тұрғындарға үлкен қолайсыздық тудырады» деген Мемлекет басшысы көптің көңіліндегісін дөп басқанын айтқанымыз абзал.

Білім мен жоғары білім саласының өкілі ретінде, Президент тапсырған міндеттер үдесінен шығу үшін әркім өз саласы бойынша жандандыруы қажет, – деп атап көрсетуі - бұл салада да оң өзгерістер болатынын байқатты.

Білім мен жоғары білім саласының өкілі ретінде, Президент тапсырған міндеттер үдесінен шығу үшін әркім өз саласы бойынша жандандыруы қажет, – деп атап көрсетуі - бұл салада да оң өзгерістер болатынын байқатты.





## АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ТЕКСЕРІП АЛҒАН ЖӨН

Елордада азық-түлік тауарларын сататын сауда нысандарына қатаң талап қойылады. Астана қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 2022 жылы өнімдердің қауіпсіздігін тексеруге жүргізілген мониторинг қорытындысын жария етті.

Департамент тексерулерінің нәтижелері бойынша зертханалық зерттеулерге 2043 (оның ішінде, импорттық өндіріс – 76% немесе 1557 үлгілер, отандық өндіріс – 24% немесе 486 үлгілер) азық-түлік өнімдер сынамасын, оның ішінде 8% немесе 160 үлгісін (импорттық өндірістікі – 53% немесе 85 сынама, отандық өндірістікі – 47% немесе 75 үлгі) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеді деп хабарлады Elorda.info.

Импорттық өндірістікі – 53% немесе 85 сынама, отандық өндірістікі – 47% немесе 75 үлгі.

Тауар сөресіне мониторинг жасалып және тәуекелді бағалауды қамти отырып, тамақ өнімдерінің барлық түрі, соның ішінде ет, балық, кондитерлік, сүт, аспаздық, балалар тағамы, диеталық қоспалар және т.б. бақылаумен қамтылды.

ЕАЭО ТР талаптарының жылдан-жылға негізгі бұзушылықтары:

- өндірушілермен таңбалау ережелерін бұзу, онда дайындаушы өнімнің зат белгісінде өндіруші туралы ақпарат (атауы, мекенжайы) дайындалған күні, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары және т.б. көрсетілмейді;

- микробиологиялық көрсеткіштер бойынша қауіпсіздік талаптарының сақталмауы, атап айтқанда, өнімде ішек таяқшасының немесе патогендік флораның микроорганизмдердің рұқсат етілген санынан асып кету немесе көгерудің үздіксіз өсуі, яғни «шірік»,

«көгеру» белгілерінің анықталуы;

- тұтынушыларды алдау, яғни таңбалануындағы көрсетілген құрамы бойынша өнімнің сәйкес келмеуі тұтынушыларды адастыруға әкеледі (жануар тіндерінде ДНК немесе ГМО анықталуы, бұл ретте өндіруші өнімнің таңбалануында оның құрамында бар екенін көрсетпейді);

- санитарлық-химиялық көрсеткіштері (белгілі бір химиялық көрсеткіштердің рұқсат етілген шоғырлануды анықтау немесе одан асып кету) болып табылады.

Аталған көрсетілген бұзушылықтардың себептері: таңбалануы бұзылған және сәйкестігін растайтын құжаттары жоқ өнімді жеткізу және өткізу; тасымалдау, сақтау, өткізу және тасымалдау кезінде сақтау шарттарының бұзылуы; жарамдылық мерзімі өткен өнімді өткізу – бұл жұқпалы аурулар мен тамақтан уланудың пайда болуы мен таралуына әкеп соғуы мүмкін.

Биыл жыл басынан бері Астана қаласында 217 адам тамақтан жаппай уланды. Осындай 7 жағдай тіркелді.

**2021 жылғы 4 тамыздағы № 73 санитарлық ереженің талаптарына сәйкес, сауда нысандарында:**

- жарамдылық мерзімдері көрсетілмеген немесе жарамдылық мерзімі өткен;

- қадағалауды қамтамасыз ететін мәліметтерді қамтитын тауарға ілеспе құжаттары, олардың қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау туралы құжаттары жоқ;

- дайындаушы ұсынған таңбалауда көрсетілген ақпаратқа сәйкес келмейтін тамақ өнімдерін қабылдауға, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге болмайды.

Осыған байланысты департамент тұтынушыларды өнімдерді таңдау барысында мұқият болуға шақырады, өйткені айналымдағы өнім белгіленген жарамдылық мерзімі ішінде (таңбалауда көрсетілген) және осы өнімді мақсаты бойынша пайдаланған кезде қауіпсіз болуы тиіс.

Сауда желілерінде бұзушылықтар анықталған жағдайда – сыртқы түрі бойынша сәйкессіздік, сақтау және таңбалау шарттарының бұзылуы, олардың сәйкестігі мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды талап ету бойынша ұсынбау белгіленген тәртіппен аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарын хабардар ету қажет.

Сауда желілерінде сыртқы түрі, сақтау және таңбалау шарттарының бұзылуы бойынша сәйкес емес немесе талап ету бойынша ұсынлатын өнімдердің сәйкестігі мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды бұзушылықтар анықталған жағдайда, белгіленген тәртіппен аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарын хабардар ету қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігі жыл сайын артып келеді, өйткені бұл – адамдардың денсаулығын анықтайтын негізгі факторлардың бірі.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҚ, ФОРМАЛИЗМ КӨП

Аманат партиясының мүшелері латифундистерден жерді тәркілеу процесін бақылауда ұстайды. Бұл туралы Аманат партиясы жанындағы Мемлекеттік басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерлан Саиров мәлімдеді.

Аманат партиясының Қоғамдық алаң ретінде әрбір азаматтың еншісі болып табылатын ұлттық байлықты мемлекетке қайтару басты миссиясы деп білеміз! «Бармақ басты, көз қыстымен» жымқырылған халық ырыздығын қайтару жұмысын жүйелі жүргіземіз. Мәртебелі фамилияға, «бұрынғы еңбегіңізге», қалтаңыздың қалыңдығына қарамаймыз. Халықтың меншігіне қол салдыңыз ба? Қайтарасыз. Аймақтың да салмағы бар және ол ауыр» деді басқосуда Ерлан Саиров.

Сондай-ақ жиын барысында партиялықтар Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жай-күйін және партияның сайлауалды уәделерін жүзеге асыру жорданың қарады. Кеңес мүшелері соңғы үш жылда Астана қаласындағы жергілікті атқарушы органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты талдады. Көрсетілген кезеңде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 203 сыбайлас жемқорлық қылмысты тіркеді. Олардың негізгі бөлігі парақорлық – 147, ұрлық – 47 және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланудың 9 фактісі тіркелді.

Кеңес төрағасының орынбасары Ерлан Саиров атап өткендей, жергілікті атқарушы органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысында формализм орын алуда. Атап айтқанда, елорда әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия 2021 жылы 1 отырыс қана өткізсе, ал 2020 жылы бірде-бір жиын болмаған.

Кеңес төрағасының орынбасары Ерлан Саиров атап өткендей, жергілікті атқарушы органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысында формализм орын алуда. Атап айтқанда, елорда әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия 2021 жылы 1 отырыс қана өткізсе, ал 2020 жылы бірде-бір жиын болмаған.

## ҚОЛДАУ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Антикор бастамасымен кәсіпкерлерді қорғау бойынша «Бизнеске жол» жобасы іске қосылды.

Жобаның мақсаты – кәсіпкерлерге әртүрлі әкімшілік кедергілерді, құжаттар рәсімдеу кезінде зуре-сарсанды еңсеруге көмектесу, мемлекеттік қызметшілер қабылдайтын шешімдердің мерзімі мен ашықтығын сақтауды қамтамасыз ету.

– Кәсіпкерлердің жерді рәсімдеуі, сәулет және басқа да бақылаушы органдардан рұқсат алуы, коммуникациялар қосу, сондай-ақ мемлекеттік қолдауды

(несиелер, гранттар, субсидиялар) алу кезінде кездесетін нақты проблемаларды шешумен айналысамыз, – деп жазылған Антикор хабарламасында.

Өңірлерде бизнес өтініштерді қабылдау үшін арнайы алаңдар жұмыс істеуде. Аумақтық департаменттердің басшылары Facebook-те хабарлама қабылдайды. Сондай-ақ Антикордың call-орталығына 1424 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

## ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Өткен жылы елорда бойынша 102 нөміріне 700 мыңнан астам қоңырау келіп түсті.

Түрлі мәселелерді қамтыған 500 мыңға жуық өтініш полицияның жедел ден қоюын талап етті. Нәтижесінде полицияның кешенді күштері жедел жұмыс атқарды. Бұдан басқа, 2021 жылғы ақпанда іске қосылған «Азаматтардың өтініштерін омниканалды қабылдау» жобасын түрғындар полициямен өзара іс-қимыл жасау үшін белсенді пайдаланып жатыр.

– Елорда түрғындары мен қонақтары «102» тікелей арнасынан бөлек, «Police 102» мобильді қосымшасы арқылы да полицияға хабарласа алады. Аталған жоба аясында 4399 ОМН-өтініш қабылданды, оның ішінде 162 бейнеқоңырау және 4237 мәтіндік хабарлама болды. Ұялы немесе өзге де байланыс болмаған жағдайларда полицияны шұғыл шақыру мүмкіндігі үшін елордада «SOS дабыл батырмасы» жобасы іске асырылды. Қала көшелерінде, саябақтар мен гүлзарларда 15 арнайы құрылғы орнатылды. Жоба басталғаннан бері 70-тен астам

нақты өтініш келіп түсті, – делінген ақпаратта.

Келіп түскен қоңыраулардың дені тыныштықты бұзу, қоқыс шығару, жол қозғалысы ережелерін бұзу және т.б. сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылықтармен байланысты. Осыған орай ПД жедел басқару орталығына 29 мыңнан астам бақылау камерасы шығарылды, олардың бір бөлігі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламалары шеңберінде орнатылған және жұмыс істейді.

2022 жылы бейнебақылау камераларының көмегімен полиция қызметкерлері 3233 қылмысты (оның ішінде 4 кісі өлтіру, 2 қарақшылық шабуыл, 127 тонау, 2500-ден астам жеке мүлікті ұрлау) және 30 мың әкімшілік құқық бұзушылықты ашты. Жедел басқару орталығы тұрақты негізде қоғамдық тәртіпті бұзуды бақылау және болдырмау мақсатында қаланың көңіл көтеретін мекемелерінің жұмыс орындарында мониторинг жүргізеді.

## ЕСІРТКІ ТАРАЛУЫНА ҚАРСЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы қалалық Полиция департаментімен және таксопарктерімен бірлесіп, есірткінің таралуына қарсы күрес аясында флешмоб өткізді.



Іс-шара «Астана – есірткісіз қала» кешенді жоспарын орындау мақсатында өткізілді. Такси жүргізушілері есірткі заттарының таралуына қарсы акция барысында бірнеше көлік көмегімен «Біз қарсымыз!» жазуын бейнеледі.

Полиция департаментінің мәліметінше, есірткі айналымы мәселесі өзектілігін жоймай тұр. Оған есірткіге тәуелді адамдар арасында, оның ішінде автокөлік жүргізушілері арасында заң бұзушылықтардың жиілеп кеткен фактілері дәлел.

Тыйым салынған заттарды сату ісімен жолаушылар тасымалы түрінде көбіне такси жүргізушілері айналысқан. Бұл әрекеттер бойынша олар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. 2019 жылдан бастап аталмыш қылмыс үшін 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

«Мен такси жүргізушісі болып жұмыс істегеніме бірнеше жыл болды. Күндіз-түні, ауа райына қарамастан, жұмысқа шығамыз. Әріптестерім сияқты мен де түрлі жолаушыларды

кездестіремін. Бірақ соңғы уақытта есірткіге тәуелді адамдар көбейгеннен соң, жасырылған есірткіні шығару бойынша шақырып, бізді еріксіз қылмысқа тартып жатыр. Біз оған көз жұма қарай алмаймыз. Сондықтан осындай жағдайларға тап болсаңыздар, үндемей полицияға хабарласыңыз. Еліміздің болашағы – жастар. Ал олардың жасап жатқаны мынау, сол себепті Отанымыздың болашағы үшін осы қайғымен бірге күресейік» деді іс-шараға қатысушылардың бірі.

## ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН АВТОНЕСИЕГЕ ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ



Жеңілдетілген автонесиенімен көлік сатып алу бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдау платформасының қашан іске қосылатыны белгілі болды.

Биылғы 6 ақпанда «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ еншілес ұйымы) көлік алуға жеңілдікпен пайызы төмен несие беру бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдау үшін пилоттық платформаны іске қосады. Бұл туралы елордада өткен баспасөз мәслихатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры Ғалымжан Әди мәлім етті.

Алайда бұл бағдарламаның артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де жоқ емес. Өзі 6 ай жүріп 4 пайыздық автонесиенімен көлік алған автосарапшы Диас Нұрақын осы бағдарламаның қыр-сырын ашып айтып берді.

**– Жеңілдетілген автонесиенің артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып өтсеңіз. Қарапайым несиемен мысал келтіре отырып, салыстырып көрсек, қаншалықты тиімді?**

– Жеңілдетілген автонесие қазақстандықтар үшін өте тиімді. Өйткені жылдық мөлшерлемесі бар болғаны – 4 пайыз. Бұл, қарапайым тілмен айтқанда, көліктің ақшасын жеті жылға бөліп төлеу. 10 млн теңгеге көлік алсаңыз, 7 жылдан кейін 11 млн 400 мың етіп қана қайтарасыз. Үстіне қосылатын ұстемәқсаты – 1 млн 400 мың теңге ғана. Ал ай сайын төленетін ақысы 136 мың теңге шамасында болады. Бұл өте тиімді. Алғашқы жарнасы жоқ. Көлікті

таңдайсыз. Банкпен рәсімдейсіз.

Ал стандартты автонесие бұдан бірнеше есеге қымбат. Қазір банктердегі ең аз мөлшерлемелердің өзі – 22-24 пайыз шамасында. Ондай пайыздағы несиемен көлік алу үшін алдымен көліктің бағасының 20 пайызын төлеу керек. Мәселен, 10 миллионға көлік алсаңыз, 2 миллион алғашқы жарнасын төлейсіз. Қалған 8 миллион теңгесін 7 жылға рәсімдеген кезде ай сайын төлейтін сомаңыз 254-258 мың шамасында шығады. Оның барлығын жеті жылға есептесеңіз, ол соманың үстіне тағы бір көліктің сомасын қосып қайтарасыз. Ал алдында алғашқы жарна ретінде төлеген 2 миллион теңгеніңізді орнаныңыз, алған 8 миллион ақшаңыз 18 миллион болып банкке қайтады. Сол себепті стандартты автонесие емес, жеңілдетілген автонесие өте тиімді болып отыр.

4 пайызбен несие беретін бізде бірнеше банк бар. Олар: «Еуразиялық банк», «ЦентрКредит» банкі, «Халық банк» және т.б. солардың кез келгенінен алуға болады. Бірақ ол үшін азаматтардың несие тарихы міндетті түрде тексеріледі. Егер ай сайынғы төлем қабілетіңіз, айлығыңыз, шамаңыз сізге берілген кредитті төлеуге жетсе, ешқандай кедергі жоқ. Басты талаптары: несие тарихы таза болуы тиіс, 6 ай зейнетақы қорындағы түсім болуы керек және тұрақты жұмыс орныңыз

болуы қажет. Осы талаптарға сай болған кез келген азамат бұл жеңілдетілген автонесиені ала алады.

**– Автокредитті бірнеше банктен алуға болғанымен, кез келген адам ала алмайды. Неліктен?**

– Автонесиені кез келген адам ала алмайды. Студенттерге, зейнеткерлерге, жұмыс істемейтін азаматтарға берілмейді. Жоғарыда атап өткенімдей, соңғы алты айдағы зейнетақы түсімдері болуы тиіс. Несиені төлей алатын жағдайы болуы керек. Отбасылық шығындарыңыз, басқа да несиелік шығындарыңызды алып тастағаннан кейін осы несиеңіз төлейтіндей ақша алуы тиіс. Тек сол кезде ғана беріледі.

Жеңілдетілген автонесиенімен бір адамға екі жылда бір-ақ рет қана көлік беріледі.

**– Қандай көліктерді жаңа жеңілдетілген автонесие бағдарламасымен алуға болады? Ең арзаны қайсы, бағасы қанша теңгеден басталады? Ал ең қымбаты ше?**

– Жеңілдетілген автонесие бағдарламасымен Қазақстанда құрастырылған кез келген көлікті сатып алуға болады. Kia, Hyundai, Renault, VAZ (Lada), JAC және басқа да көліктер бар. Басты талап Қазақстанда жасалған болуы керек. Екінші талап - жеңілдетілген автонесие бағдарламасымен сіз алатын көліктің ең жоғары құны

15 млн теңгеден аспауы қажет. Ал көлікке берілетін несие сомасы – банктерде 10 млн теңге ғана. Сіз автосалонда 15 млн тұратын көлікті аласыз. Оның 10 млн теңгесін банктер несие ретінде ғана береді. Қалған 5 млн теңгесін өз қалтаңыздан шығаруыңыз керек. Дәл сол сияқты 11-12 млн теңгенің көліктерін алуға болады. Соның 10 миллионын банк береді. Қалғанын өзіңіз төлейсіз. Үшіншіден, 6-7 млн теңге тұратын көліктерді де ала беру керек. Ол кезде банк сізге 6-7 млн теңге ғана береді. Қазақстанда ең қолжетімді және ең көп сатылған көлік ретінде Chevrolet Cobalt-ты айтуға болады.

Әзірге қолжетімділік жағынан, баға жағынан, кезек күту жағынан қазақстандықтар үшін осы көлік тиімді болып отыр.

Алайда осы бағдарлама ашылғалы көліктің құны, керісінше, қымбаттап кетті. Неге десеңіз, біріншіден, көлік тапшылығы. Біздің автосалондар, автоөндірушілер бұл несие бағдарламасына дайын болмай шықты. Алғашқы уақытта бұл бағдарламаға мемлекеттен 100 млрд теңге бөлінді. Бірақ, өзіңіз білесіз, автосалондар мен халық дүрлігіп кетті, көптеген кезек болды. Халық көлік таба алмады. Сол себепті біз бар ақшаға көлік ала алмай, біраз қиналғанбыз. Осыны пайдаланып, алыпсатарлар, делдалдар көлік құнын көтеріп жіберді. Нарықтағы баға бірнеше есеге өсті, қазір де бұл жағдай қайталанып отыр. Мәселен, Hyundai Elantra деген көліктің жаңасы автосалондарда шамамен 11 млн теңге тұратын болса, ал ескісі – 2020, 2021 жылылары 20-30 мың шақырым жүріп тастаған екінші нарықтағы көлік kolesa.kz сайтында, тіпті, автосалондардың өзінде 13-14 млн теңгеден сатылып жатыр.

Ескі көліктер жаңа көліктерге қарағанда қымбаттау. Бұл – китүрқылық. Trade-in деген бағдарлама бар. Онда алыпсатарлар көлікті алып-сатумен айналысып кеткен, біреудің ескі көлігін сатып алады, үстіне 400-500 мың теңге қосып, қайтадан сатуға шығарады. Ал оларға салондағы жаңа көліктердің емес, ескі көліктердің тезірек өткені тиімді.

Аяулым АЛТЫНБЕК,  
Elorda info тілшісі

Астана қаласының коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында елордалық жасөспірімдер мен жастар қысқы спорт түрлерімен қалай қамтылғаны және олардың жетістігін №2 спорт мектебінің директоры Бауыржан Сахарбаев онлайн брифингте саралады.

## ҚЫСҚЫ СПОРТТЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

Астана қаласының климаттық жағдайы қысқы спорт түрлерін дамытуға қолайлы. Елордалықтар талғамына қарай мөнерлеп сырғанау, конькимен жүгіру, шорт-трек, шаңғы жарысы тағы басқасымен шұғылдануға мүмкіндігі мол.

– Қысқы спорт түрлерімен 700 жасөспірім тұрақты айналысады. Шорт-тректе – 133, мөнерлеп сырғанауда – 288, конькимен жүгіруде – 296, шаңғы жарысында – 72 және спорттық бағдарлау бойынша 111 спортшы жаттығады. Жаттықтырушы-педагогтар штаты 29 адамды құрайды. Оқу-жаттығу қалалық саябақ аумағында және «Алау» Мұз айдынында өтеді.

Қай спорт түрі болмасын, спортшылардың бабы мен бағын сынайтын жарыстар керек. Олсыз спортшы өспейді. Ал қалалық саябақ аумағындағы шаңғы-роллер жолы спорттық іс-шараларды жиі өткізетін орынға айналды. Онда жасөспірімдерден бөлек, мемлекеттік қызметкерлер, денсаулық сақтау, білім беру және тағы басқа саласы мамандары сыңа түсіп тұрады. Мұнда қала тұрғындары мен қонақтары құны 2000 теңге тұратын шаңғыны жалға алып, таза ауада серуендеуіне мүмкіндігі мол.

Мөнерлеп сырғанау, конькимен жүгіру спорты, шорт-трекпен «Astana open» Астана қаласының ашық біріншілігі, шаңғы жарысынан «Бұрқасын» фестивалі қалалық спорттық шаралары дәстүрлі түрде өткізіледі, – деді спорт мекемесінің басшысы.

Жасөспірімдер даңқты спортшыларға қарап бой түзейді, солардың жеңісті жолын жалғастыруды армандайды. Астанада мұндай спортшылар аз емес. №2 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мек-



тебінің директоры Бауыржан Сахарбаев астаналық спортшылардың жетістігін талдап берді.

Елордалық мөнерлеп сырғанаушылар Алина Дауранова мен Дарья Гаврилова Аустрияның Инсбрук қаласында жасөспірімдер арасында өткен әлем кубогының 3 кезеңінде қола жүлде алды. Алианың жетістігі мұнымен шектелмейді. Ол Калгари (Канада) қаласында өткен әлем чемпионатында күміс медальға ие болды.

Шорт-трекші Яна Хан Пекинде өткен қысқы Олимпиада ойынында үздік бестіктен көрінді. Жақында АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өткен XXXI Бүкіләлемдік қысқы универсиадада Малика Ермек мен Санжар Жанисов күміс медаль иеленді.

Шаңғы жарысы бойынша Мария Герашенконың жетістігімен мақтануға әбден болады. Ол Эстонияның Отепя қаласында байрағы көтерілген әлем кубогында және Италияның Рига қаласында өткен әлем чемпионатында үшінші орын алды.

Анна Левкович пен Рахат Бралин мөнерлеп сырғанау бойынша табысты өнер көрсетіп келеді. Былтыр олар Беларусьтің Минск қаласында өткен халықаралық жарыста жүлдегер атанды.

Негізгі 80-ге жуық астаналық спортшы ел құрамасында табысты өнер көрсетіп келеді.

## ЗЕЙНЕТКЕ ЖАҚЫНДАҒАНДАР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУДА

«Күміс жас» жобасы зейнет жасына жақындаған жұмыссыз адамдар үшін арнайы әзірленген. Осыған орай, Астана қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығы елу жастан асқан азаматтарды жоба аясында жұмысқа шақыруда.

Қалалық Жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Сәбит Жаманбаевтың айтуынша, бұл жобаға жалақысы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам жұмыс істеп тұрған салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды тұрақты жүргізетін барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілер қатыса алады.

– Жобаның мәні Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы бюджет қаражаты есебінен зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдар үшін жалақының бір бөлігін субсидиялайтын болады. Ай сайынғы жалақыға субсидия мөлшері жалақы мөлшерінің 50%-ын құрайды, бірақ салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыларды және экологиялық үстемәқылар бойынша төлемдерді есептеме-

генде банктік қызметтерді ескере отырып, ол 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды, – деді С.Жаманбаев.

Астанада Жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеп жүгінетін елуден асқан адамдар аз емес. Солардың бірі – Айсултан Болатхан. Ол «Күміс жас» жобасы бойынша «BILIMALL» жеке кәсіпкерлігінде жұмыс істеуге жолдама алып, өткен жылдың мамыр айында бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа қабылданды.

«Жұмыспен қамту орталығына бармас бұрын олар маған ыңғайлы жұмыс тауып бере алар ма екен деп көп ойластым. Қанша дегенмен, бұрынғыдай жас емеспін. Соған қарамастан, бәрі мен ойлағаннан да жақсы болды. «Күміс жас» жобасының арқасында жұмысқа орналастым. Бүгінде сұранысқа ие мамандардың бірімін» деді А.Болатхан.

Елордада «Күміс жас» жобасының игілігін көргендер көп. Айжан Сайлаубекқызы да өткен жылы қалалық Жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеп жүгінді. Бір айдан кейін ол «AMANAT SERVICE» ЖШС-не жұмысқа тұруға жолдама алып, артында сол мекемеге іс жүргізуші болып жұмысқа орналасты.

«Күміс жас» жобасын ойлап тапқандарға алғысым шексіз. Егде тартқанда жұмыссыз қалған қиын екен. Қол қусырып қарап

отыру – біздің жасымыздағылар үшін мүлде жат қылық. Жұмысқа орналасқанға өте қуаныштымын, жобаны ұйымдастырушыларға рахмет, – деді ол.

Жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары атап өткендей, жобаның қатысушылары зейнеткерлікке дейінгі жастағы жұмыссыз адамдар, яғни құрметті демалысы шығуына кемінде екі жыл қалғандар болып табылады.

– Қаржыландыруды жұмыспен

қамту орталығы жасалған шарттар негізінде жүзеге асырады. «Күміс жас» жобасы кейіннен субсидиялау мерзімі аяқталғаннан кейін тұрға зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасумен ұйымдастырылады, – деді С.Жаманбаев.

Бастапқыда елордалық Жұмыспен қамту орталығының жоспарында 15 адам жұмыспен қамтылды. Бүгінгі таңда 20 жұмыссыз азамат жұмысқа орналастырылды. Жобаға 33 жұмыс беруші қатысады және күн сайын кәсіпкерлер тарапынан да, жобаның тікелей қатысушылары тарапынан да тілек білдірушілер саны артып келеді.

2022 жылдың басынан бері елордалық Жұмыспен қамту орталығына 959 адам, оның ішінде 128 жас жұмыс іздеп келген. Барлығы 855 жұмыс іздеуші жұмыспен қамту шараларымен қамтылды.

Оқу орындарының түлектерін қолдау мақсатында Қазақстанда 2020 жылдан бастап «Бірінші жұмыс орны» және «Жастар практикасы» жобалары да іске асырылуда, олар бойынша өткен жылы 20 адам жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту

орталығымен шарттық негізде құратын жұмыс орындарына жұмыссыздарды жалақысын субсидиялай отырып 7 елордалық, алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін қоғамдық жұмыстарға – 291 азамат және зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарды жұмысқа орналастыруға қолдау көрсетуге бағытталған «Күміс жас» жобасы бойынша 1 егде адам жұмысқа орналастырылды.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде 19 астаналық өз ісін ашуға 400 айлық есептік көрсеткішке дейінгі көлемде гранттар алды.

Сонымен бірге 9 адам кәсіптік оқудан өтіп, түрлі мамандықтарды игеріп, одан әрі жұмысқа орналастырылды. «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан 200 адам өтті.

Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту шараларымен 547 қала тұрғыны қамтылды. Тұрақты орынға 308 адам жұмысқа орналастырылды.

№13 (4446) 02/02/2023 Бейсенбі

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Елорданың іргесі жыл сайын кеңейіп, тұрғылықты халқы көбейіп келеді. Жан санының артуына ілесіп қаланың инфрақұрылымы мен азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіне түсетін салмақ та артқаны белгілі. Әсіресе бас қала тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету елорда Есідін жағасына ірге тепкен күннен бастап маңызды мәселеге айналған. Сол себепті «Елорданың азық-түлік белдеуі» құрылып, оған мемлекет тарапынан қыруар қаржы да бөлінген-тұғын. Алайда бұл жобаның атқарылуымен елорданың азық-түлік мәселесі түбегейлі шешіліп кеткен жоқ. Атап айтқанда, Арқа төсіне астана салғанмызға 25 жылдан асқанмен, бас қаланың басты азық-түлігін әлі күнге дейін алыс аймақтардан, керек десеңіз, шетелден тасимыз. Себебі Астана төңірегіндегі ауылдардың да өндірісі әлі күнге дейін өрге баса қойған жоқ. Міне, осы мәселеден де елорданың болашақ дамуы ауылмен қатысты екенін аңғаруға болады.

#### АУЫЛ АЗСА, АСТАНАҒА ДА САЛМАҚ

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде 6293 ауылды елді мекен бар, онда 7,8 млн адам тұрады, яғни еліміздегі жалпы халық санының 41%-ы ауылда. Әрине, ауылдарды дамыту туралы жобалар бұрын да болған. Үкіметтің берген есебіне сенсек, 2019-2022 жылдары «Ауыл – ел бесігі» ұлттық жобасының аясында республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мың жоба іске асырылған. Бірақ Үкімет осылай деп есеп бергенмен, қазірге дейін елімізде озған ауылдан гөрі тозған ауыл көп. Әсіресе шекара маңындағы көптеген ауыл жабылып, жабылмағанының жағдайы кетіп, әзер тұр. Ел тәуелсіздік алғаннан бері «Қазақстан дамыған 50 елдің қатарына кірді» деген қалған мақтанға айтылған жарнама сөзге алданып жүргенімізбен, еліміздің шет-шалғайдағы елді мекендері мен ауыл, кенттері, анайырақ айтсақ, көтінен кейін кетті. Ауылдарда мектеп, әкімдік, дүкеннен басқа орында жұмыс жоқ. Міне, бұл да төменнен жоғарыға дейін көрсетілетін өтірік есептің нәтижесі деуге болады. Мал бағайын десе ауылдың іргесіндегі жерлерге дейін әркім иемденіп алғандықтан, ауыл тұрғындары жалғыз бұзауының өзін құйрығынан ұстап бағуға мәжбүр. Жұмыс жоқ, мал өсіруге ыңғайсыз болғаннан кейін, ауыл тұрғындарының көбі кедей деп айтсақ қателеспейміз. Бірақ осыған қарамастан Үкімет жұмыссыздық пен кедейшілік деңгейін үнемі төмен көрсетумен келді. Өткен жылдарда Үкіметтің есебінде 450 мың адам жұмыссыз деп көрсетілсе, кедейшілік деңгейі 4,5 пайыздан аспайды деп ақпарат берді. Шын мәнінде, кейбір ақпарат көздері бойынша жұмыссыздық деңгейі бізде бұдан жоғары екені айтылады. Кедейлеріміздің саны да осы деңгейде немесе одан да көп.

Ауылда жұмыс жоқ болғандықтан, жастардың көбі ірі қалаларға қарай ағылады. Тіпті жұмыс іздеп шетел асып жатқандары да бар. Ауылдан жастар кеткеннен кейін қарттар да иен қалған елді мекендерде тұра алмай, шарасыздықтан қалаға қарай жылжиды. Сосын да шығар қазір елордада ауылдан көшіп келіп үй жалдап, жұмыс істейтіндер өте көп. Бас қалада жұмыс істейтін баласына қара тартып, елордадан үй сатып

# ОЗҒАН АУЫЛДАН ТОЗҒАН АУЫЛ КӨП...

## НЕМЕСЕ АСТАНАНЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

31 қаңтарда Мемлекет басшысы Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Осы отырыста Мемлекет басшысы «Жылдар бойы елорданың айналасында азық-түлік белдеуін дамыту туралы айтылды, бірақ бұл жұмыс орындалмады. Астана азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіреді. Жалпы, барлық өңірмен салыстырғанда, қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұр. Кейінгі 8 жылда елордаға әкелінетін азық-түлік импортты 3 есеге артты. Негізінен, осы жерде шығаруға болатын өнімдер туралы сөз болып отыр. Бұл ретте жергілікті қайта өңдеу кәсіпорындары тек жарым-жартылай жұмыс істеп тұр. Көкөніс сақтайтын қойманың жетіспеуі салдарынан жағдай қиындап отыр. Сондықтан 2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қоймалар салу керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдіктерімен бірлесіп, елорданың айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдағаны жөн» деп атап көрсетті.



алып жатқан зейнеткерлер де аз емес. Бұл өз кезегінде еліміздің бас қаласындағы ауыл-судың, балабақша, мектептің жетіспеуі сынды мәселелерді айқындай түсті.

#### ЕҢДІГІ ҮМІТ – «АУЫЛ АМАНАТЫНДА»

Әрине, ауыл тұрғындарының бұл жағдайынан билік те хабарсыз емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билік басына келгелі бұл мәселеге жіті назар аударды. Бұл жөнінде Президент өткен жылғы Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет» деп атап көрсеткен еді.

Өткен жылы қараша айында Мемлекет басшысы «Ауылдық аумақтарды дамыту тәсілдерінің институционалдық жағынан қамтамасыз етілуін дамыту және тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсартып, жайлы өмір сүру ортасын жасау» мақсатында Жарлық шығарып, Үкіметтен 2023 жылғы 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдауды бұйырған еді. Осы тапсырмаға сәйкес қазір ауылдарда «Ауыл аманаты» жобасы атқарылып жатыр. Сондай-ақ ауылдарды дамытуға алдағы уақытта 1 трлн теңге бөлу жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі

және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешуді басты мақсат еткен бұл жоба аясында ауыл тұрғындарына 2,5 пайыз мөлшерлеменен несие беру көзделіп отыр. Әрине, елімізде бұдан бұрын мұндай төмен өсіммен несие беріліп көрген жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, бұл ауыл тұрғындарының кірісін арттырып, шаруашылығын шалқытуына серпін береді деп күтілуде. Дегенмен жұрт көңілінде «баяғы жартас – бір жартас» болып, «бұл тиімді саясаттың да ауыл тұрғындарына қайыры болмай қалмай ма?» деген күдік те жоқ емес. Өйткені бұдан бұрын ауылға бағытталған тиімді саясаттардың көбінің пайдасын ауыл тұрғындары емес, қаржы ұйымдарымен ауыз жаласқан пысықтар көрді. Момын ауыл тұрғындарының көбі ауылға бөлінген қосымша қаражаттан игілік көре алған жоқ. Сондықтан «Ауыл аманаты» жобасы баянды болсын дейтін болсақ, оның нақты игілігін ауыл тұрғындары көруіне кепілдік ету керек.

#### ЖЕРІ КЕҢ ЕЛДЕ ЖАЙЫЛЫМ ЖОҚ

Ауыл аймақтарының ахуалын реттеу – экономикалық қана емес, ел үшін саяси, стратегиялық маңызды, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатысты күрделі мәселе.

Қазір ауыл шаруашылығына арналған жер туралы толыққанды ақпарат жоқ. Жердің құнары, су ресурсы мен суару жүйесі және оның жолдары жайлы мәлімет жан-жақта шашырап жүрсе, жайылымдық жерлердің көбі мал бақпайтындардың меншігіне өтіп кеткен. Сол себепті Мемлекет басшысы игерілмей жатқан жерді қайтарып алуды

тапсырған еді. Үкіметтің есебіне сүйенсек, өткен жылы 5 миллион гектар жер қайтарып алынған. Мұның 4,8 миллионы – жайылым. Ауыл шаруашылығы министрінің айтуынша, жұрт мал бағуға жайылым таппай жүргенде, жер пайдаланушылардың неқұрайлығынан 90 млн гектар жер эрозияға ұшыраған. Оның 29 млн-ы енді мүлде жарамсыз. Ал еліміз бойынша 15 облыста мал жаю үшін 9 млн гектарға жуық жер жетіспейді. Жер жетіспеген соң, мал бағу да қиындап, жем-шөптің бағасы жыл сайын аспандап барады. Бұл жөнінде ауыл тұрғынының да айтары бар.

#### Қадияр АҒЫЛАН, ауыл тұрғыны:

– Ауылда мал бағу барған сайын қиындап барады. Көбімізде жайылым жоқ. Ауылдың іргесіне дейін егін. Алда-жалда егінге түсіп кетсе, миллион теңгеге дейін айып салады. Олар егіндіктерін қоршап қоймаған соң, аяқты мал көзден таса болса, егінге түсіп кетеді. Қыста тезегін сүйреп, жем-шөбін беріп 6 ай жағаласқанымыз аздай, жаз бойы малдың соңынан қалмаймыз. Тым құрыса шаппалық жер де берілген жоқ. Оны да совхоздан сатып аламыз. Іргемізге дейін егін салып, жаздай тарықтырған егіншілерден күзде бір бау сабан алу да қиын. Бидайдың жемге жарайтын қалдығының өзін сатып бермейді. Жем-шөпті бірақ сатып алсақ, 6 ай қолда бақсақ, Арқада мал бағудың қандай керегі бар?! Міне, бұл елімізде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының бір-бірін толықтырып, қатар дамудың орнына, екеуі бірін-бірі шектеп отырғанын көрсетеді. Бұл – еліміздің ауыл



Астана азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіреді. Жалпы, барлық өңірмен салыстырғанда, қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұр. Кейінгі 8 жылда елордаға әкелінетін азық-түлік импортты 3 есеге артты. Негізінен, осы жерде шығаруға болатын өнімдер туралы сөз болып отыр.

шаруашылығын реттеу жүйесінің әлсіздігінің көрінісі.

Ал мал шаруашылығына беріліп жатқан қосымша қаражаттың қарапайым тұрғындар үшін ауылы алыс. 100 сиырың болса да, шаруа қожалығың болмаса, Үкімет тарапынан берілетін қосымша қаражатты ала алмайсың. Ал «шаруа қожалығын құрамыз, жер бер» деп ауданның жер басқару орындарына барсаң, «жайылымдық жер жоқ» деп шығарып салады. Ал егістік жер алу үшін бәс саудаға қатысуың керек. Оған ауылшаруашылық техникаң болуы шарт. Оны пысықтар елдің техникасын көрсетіп, бармақ басты, көз қысты ғып алып кетеді екен. Осылайша, ауыл шаруашылығына бөлінген қаражаттың қызығын да ауылдағы тұрғындар емес, қаладағы қалталылар мен шенділер көріп

жатыр. Бұлай кете берсе, ауыл қалай дамиды?! Ауыл құрыса, қаланы қалай азық түлікпен қамдайды?!

Ауылдағы ендігі бір мәселе – ауылдағылар өз өнімін, малын ақшаға жаратып саға алмайды, оның да пайдасын арадағы делдалдар көреді. Мәселен, ет алушылар ауылдан келіп әкетсе, сиыр етінің келісін 1700-1800-ден асырмайды. Олар оны қалаға апарып, 2300-3500 теңге аралығында сатады. Базарға өзіміз апарып сатайық десек, оның да машақаты мол. Жоқ сылтауды айтып арзанға сұрағанын былай қойғанда, 6 келі етті жеңілдік үшін шығарып тастайды. Онымен қоса, лабораториялық тексеру үшін деп 6000 теңге, ескітен кіргені үшін деп 1000 теңге, бәрін қоссаң, шыққан шығынның өзі 20000 теңгеден асып түседі. Жол шығыны тағы бар. Олар не үшін 6 келі жеңілдік (скидка) шығаруы керек? Сол жері бізге түсініксіз. Оны қадағалап отырған Үкімет жоқ. Бір малдан 6 келі етті тегін алғанда, 20 малдан қанша ақша түседі?! Міне, бұл да ет базарын басқаратындардың өз қалтасын қампиту үшін ойлап тапқан амалы.

Ауылдың жағдайы астанадағылардың жылы кабинетте отырып жасаған жоспары мен бағдарламасымен түзелмейді. Бізге ауылдың жағдайына үйлесетін нақты шаралар керек. Әр ауылда ет, сүт, жұмыртқа сияқты ауылшаруашылық өнімдерін қабылдайтын орындар болуы керек. Әлі күнге дейін малдың терісін, жүнін құнға жарата алмай отырмыз. Тері тулақ, жүн қоқыс болған заман. Терісін илеп, жүнінен өнім өндірсек, шетелден киім тасудың қажеті не?! Мынадай кең-байтақ елде отырып, шетелден ет, тауық еті, жұмыртқа, киім-кешек импорттап отырғанымыздың өзі ұят.

#### Әнуар НҰРТАЗИН, экономика шолушысы:

– Қазақстанда толыққанды азық-түлік хабын қалыптастыруды жеделдету керек. Сондай-ақ халыққа қаржы өнімдері және салымдар үшін тартымды жобаларды әзірлеп, ұсыну керек. Бұл қарапайым адамдардың ақшасын алаяқтық әрекеттер арқылы жымқырудың алдын алады. Сондай-ақ ол отандық, әсіресе ұсақ инвесторлардың жұмысына жан бітіреді. Инвестициялық алаңдардың тиімді және әлемде танылған үлгілерінің трансфертін жүргізу де маңызды. Бүгінгі таңда инвесторлар салықтық және басқа да жеңілдіктерге ғана емес, сонымен қатар бюрократиясыз және сыбайлас жемқорлықсыз өз жобасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолайлы инвестициялық ортаға мұқтаж. Осы шаралар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес инфляциялық қысымды азайтып, онымен күресте қателіктерді қайталамауға мүмкіндік береді.

Өңірлердің логистикалық әлеуетін ескере отырып, азық-түлік хабын қалыптастыруды тездету керек. Бұл – төтенше жағдай кезінде, белгілі бір аймаққа көмек көрсету кезінде мемлекеттік қолдау мен тұтастықтың факторы. Яғни азық-түлік өндірісінің орнықты жүйесін құру қажет. Бұл деңгейіміз – жылыжай кешендері, суармалы жерлер және өнімді мал шаруашылығы. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаны тұрақтандыруда директивті әдістермен ғана емес, сауда саласындағы монополизация деңгейін төмендетудің нарықтық тетіктерін енгізу арқылы жүзеге асырған жөн. Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірушіден тұтынушыға тікелей әрі тез жетуі тиіс.

## ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР ЖАЙЛЫ МА?

Әзірге елорданың қысы жайлы болып тұр. Алайда ақпан айында ақтүтек боран соғып, мінез танытатыны бар. Мұндай кезде жылы аялдаманы іздеп, бір сәт бойды жылытып алуды ойлайсыз. Өткенде газетіміздің №8 (4441) нөмірінде «Жылы аялдамалар қатары арта ма?» деген мақалада бас қалада «ЭКОпром Павлодар» ЖШС 40 жылы аялдаманы орнатуға міндеттелгенін, алайда 28-ін ғана салғанын, оның өзі іске қосылмағаны туралы жаздық.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, қордаланған мәселелерді сынаға алып, шешуді Үкімет пен Астана қаласының әкіміне тапсырды. Әсіресе елорданы жайлы, ыңғайлы қалаға айналдыруда демалыс орнының (саябақ, гүлзар мен бақтар) санын арттырып, көлік кептелісін реттеудің және жылы аялдамаларды жайлы етудің маңызын атады.

Астана қаласындағы қыс алты айға созылады, елордалықтардың басым көпшілігі қоғамдық көлікпен қатынайды десек, онда Астананы жайлы қала етуде жылы аялдамалардың маңызын бірден түсінеміз. @Astanova98 Telegram арнасы қалалық әкімдіктің дерек-



теріне сілтеме беріп, Астанада автобус күтетін 190 жылы павильон бар екенін, оның 162-сі ашылғаны туралы жазды. Қалған 28-і стандартқа сай болмағаны үшін әлі қосылмады. Олар қайта жөндеуді керек етеді.

Жылы, алайда жұмыс істемейтін павильондар тізімін Telegram канал былай көрсетеді:

1. Конституция көшесіне қарай, Қарталы көшесі
2. «Целинный» шағын ауданы, Тәуелсіздік даңғылына қарай
3. «Маркет Көк» қала бағытында
4. №94 мектеп-гимназиясы көшесіне қарай, «Көктал»
5. «Саранда» ТК, Мөңгілік елге қарай
6. Тәуелсіздік даңғылы бағытындағы №73 орта мектеп
7. Тәуелсіздік даңғылына қарай, №72 мектеп
8. №51 мектеп-гимназия, Тәуелсіздік даңғылына қарай

9. «Шығыс» ТК аялдамасы
10. «Ақниет дүкені», Тілендиев даңғылына қарай
11. «LCD Koktal 2»
12. «BC The Square», Сығанақ көшесі
13. «Нұрлы жол» вокзалы, қала бағытында
14. №2 Ақмола облыстық ауруханасы, қала бағытында
15. «Шұғыла» (Тілендиев даңғылы), қала бағытында

Яғни қатты аязды күндері бұл аялдамаларға келмеген жөн. Жә, адамдар бір амалын тауып, қыстан да өтер. Маңыздысы жауапсыз мердігерлерден қашанға дейін қарапайым халық зардап шегуі тиіс?!

Жалпы Астана қаласында 1091 аялдама бар болса, 2015 жылдан бастап жылы аялдамалар пайда бола бастады. Бүгінде жайлы да жылы аялдаманың саны 162-ге жетті.

Сол жағалаудағы «Ми-

нистрліктер үйі» және «Қорғаныс министрлігі» аялдамасында жайлылықты сезінуге болады. Өйткені бұл жабық павильонда кофе ішіп, бой жылытып, қажетті азық-түлікті сатып алуға мүмкіндік бар. Қалған жерлерде мұндай жайлы жағдайды байқау қиын. Содан кейін үйсіз-күйсіз жүрген адамдар түнейтін орынға айналғанын жасыра алмаймыз.

Негізі, жылы аялдамаларды кәсіпкерлерге беріп, олардың тазалығын, ыңғайлылығын сақтауды міндеттеу керек. Бір жағы, кәсіпкер ісін дамытады, екінші жағы, жылы аялдамаларда қаңғыбастар паналамайтын қала тұрғыны.

Қала тұрғынының айтқан сөзінде жан бар. АҚШ, Канада, Швейцария, Нидерланд және тағы басқа елдердегі аялдамалардың формасы, форматы

жағынан таңғалдырады. Оларды жылы, жылы ғана емес, кітап оқисыз ба, тамақ ішесіз бе, WiFi-ға қосылып смартфонға үңілесіз бе, кино көресіз бе, бәріне ыңғайлы. Тіпті аялдама емес, демалыс кешені деп баға беруге әбден болады. Мәскеуде де осыған ұқсас аялдамалардың нышанын көруге болады.

Айтқандай, 2013 жылы Мәскеуде жылы аялдамалар іске қосылса, арада екі жыл өткенде Астанада осындай аялдамалар орнатылды. Яғни Мәскеудің ізін басып келеміз. Алайда біздегі аялдамалардың ерекшелігімен мақтана алмаймыз...

Осы бізге креативті аялдамалар салуға не кедергі? Астана қаласындағы жылы аялдамалардың бюджеті аз емес. Мәселен, былтыр бас қала бойынша 40 жылы аялдама жобасы мемлекеттік сатып алу конкурсында жарияланды.

Оның біреуінің құны 15 миллион теңгеге бағаланды. Мұны «ЭКОпром Павлодар» ЖШС 12 миллион теңгеге ұтып алғаны белгілі. Рас, бұл қаржыға бір бөлмелі пәтер сатып алуға да болады. Солай! Алайда ерекше дизайн, креативті жоба ретінде бағалай алмаймыз.




Жалпы Астана қаласында 1091 аялдама бар болса, 2015 жылдан бастап жылы аялдамалар пайда бола бастады. Бүгінде жайлы да жылы аялдаманың саны 162-ге жетті

**Байқоңыр ауданы инфрақұрылым бөлімінің басшысы Тоқтар Хасенов:**

– Иә, тұрғындар арасында жылы аялдамалардың бюджетін естіп, сынап жатады. Кәсіпкерлерді түсінуге болады. Аялдаманы салуға қажетті материал бірнеше есеге қымбаттады. Жылы аялдаманың техникалық шарты қыста жылы, жазда салқын болуы тиіс. Ол үшін аялдама нышанын көруге болады. Астана қаласының ережесіне сай кабель жер астымен жеткізіледі. Ең қиыны – осы. Сол аумақта кәсіпкерлік субъектісі болса, онда меншік иесінен кабель өткізу үшін рұқсат алады. Кейде асфальтты, кейде жаяу жүргіншілер жолындағы брусчатканы кесіп, кабель жүргізіп, одан кейін қайта қалпына келтіруге міндеттеледі. Мұның бәрі жылы аялдаманың құнын қымбаттатады, – деп жауап берді.

Қысқасы, жылы аялдамалар кәсіпкерлер үшін де, тұрғындар үшін де жайлы болмай тұр.



Канада, Торонто қаласы

## БАЛАБАҚША БӘРІНЕ ЖЕТЕ МЕ?

Астана қаласында жыл сайынғы туу деңгейі жоғары (25 мыңнан астам бала) және ішкі көші-қон (жылына 50000 адамнан астам) дамып келе жатқандықтан, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге сұраныс артып тұр. Сондықтан да балабақша кезегі іс жүзінде азаймай тұр.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізгені мәлім. Президент жиында сөйлеген сөзінде балабақшадағы және мектептегі орын тапшылығына қатысты былай деді: «Қазір балабақша кезегінде 45 мың бала тұр. Астанада білім ошақтарының құрылысы баяу жүріп жатыр, былтыр небәрі 3 мектеп салынды. 8 мектеп дер кезінде пайдалануға берілмеді. Соның кесірінен бала саны артық және үш ауысыммен оқытатын мектептер көбейді. Кей сыныптарда 30-дан астам бала оқиды. Бұл, әрине, білім сапасына кері әсерін тигізеді». Балабақшамен қамту мәселесі әзірге күн тәртібінен түсер емес. Бұл бағытта

қандай жұмыстар жүргізілуде деген сауалдармен Астана қаласы Білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің бас маманы Олжас КАИРДЖОСОВҚА жолыққан едік.

– Еліміз бойынша балаларды толықтай балабақшамен қамтуға басымдық беріліп отырғаны белгілі. Балабақшаға сұраныс жоғары. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен 100 пайызға қамтудың жолдары қандай? Астанада қанша мектепке дейінгі ұйым бар, оның қаншасы мемлекеттік, қаншасы жекеменшік?

– Астана қаласы бойынша 432 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 100-і – мемлекеттік, 329-ы – жекеменшік (285 ұйымда мемлекеттік білім беру тапсырысы бар), 3-еуі – ведомстволық. Балаларды мектепке



дейінгі ұйымдармен толық қамту үшін ағымдағы жылғы 9-30 қаңтар аралығында 8000 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурс өтті.

– Ашылған балабақшалар техникалық және санитарлық талапқа сай ма?

– Мектепке дейінгі ұйымды ашар алдында кәсіпкер объектінің (ғимараттың/үй-жайдың) мектепке дейінгі білім беру саласындағы

қызметті ұйымдастыру үшін белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алады.

– Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жаңа стандарты, үлгілік бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Қандай жұмыстар атқарылды?

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№348 бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде балабақшалардағы әр топ перспективалық жоспар аясында балалардың қызығушылығын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және нәтижеге бағытталған жұмыс жасайды. Сонымен қатар әр тәрбиеші апталық

орындалған жұмысы бойынша циклограмма және әр баланың жеке даму картасын толтырып, баланың қызығушылығы бойынша және өзі таңдаған әрекет түрін ұйымдастырады.

– Жекеменшік балабақшалар бала тәрбиелеумен қатар ақша табуды көздейді. Дегенмен талаптар бойынша баланы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету бірінші орында тұруы тиіс. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар балаға қолайлы жағдай туғызып отыр ма?

– Әрине, әрбір жекеменшік балабақша, біріншіден, кәсіпкер ретінде ашылады, яғни өз қызметін ақылы көрсетеді. Сондықтан бірінші орында кәсіпкерлер сапалы білім берумен қатар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болу керек.

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар балаға қолайлы жағдай жасауға мін-

детті. Алайда жауапкершілік танытқан кәсіпкерлермен қатар, әрине барлығы емес, кейбір кәсіпкерлер өз қызметін мемлекеттік органдарға білдірмей көрсетеді. Ондай фактілер тек қана әлеуметтік желілерге шыққан кезде анықталады. Бұл, әрине, Білім басқармасының құзыретіне жатпайтынын ескеру керек.

Жалпы мектепке дейінгі білім беру ұйымы, ведомстволық бағынысына қарамастан, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын, жаратқандыру нормалары бойынша барлық қажетті жақтықтармен қамтылуы, қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес болуы тиіс.

**P.S:**

Осы ретте біз педагог қауымының ішіндегі көбінесе елеусіз қалып қоя беретін, алайда еңбегі өлшеусіз тәрбиешілердің бағасын біліп, бағамдап, қолдауымыз қажет. Тәрбиешілер – ең алдымен, балаларға өмірге ең қажетті дағдыларды үйрететін, сауатын ашып, жасына сәйкес білім беретін, мектепке дайындайтын тұлғалар. Жауапкершілігі мен атқарар жүгі жөнінен салмақты болғанмен, тәрбиеші жалақысы көтерілгенмен, мұғалімнің табысына тіпті жете алмайтын халде. Оларды қолдау да кезек күттірмейтін іс.

№13 (4446) 02/02/2023 Бейсенбі


Әйтсе де бұл мәселеге терең бойламай, бір ауыз сөзбен айта кететін «жұмбағы» тағы бар. «Қазақ» газетіне дейін А.Байтұрсынұлының 1895-1896 жылдары «Тургайские ведомости» газетінде, 1912 жылы «Айқап» журналында санаулы ғана мақала жариялағаны, М.Дулатұлының 1907 жылы С.-Петербургта шыға бере жабылған «Серке» газетінде, одан соң «Айқап»-та бір өлеңін жариялағаны болмаса, мерзімді басылым ұйымдастыру, оның редакциялық жұмысынан тіпті бейхабар болатын. Ал осы кезде Алты Алаш көсемі Ә.Бөкейхан сонау 1889 жылдан 1913 жылға қарай көсемсөзші, автор, тілші (репортер), журналист, редактор ретінде де бай тәжірибе жинап үлгергенді.

Оған біраз мысал келтіре кетейін. Әлиханнның мерзімді баспасөзбен қарым-қатынасы 1889 жылы Омбы техникалық училищесінің 3-курсы соңында, яғни мамыр айында басталып, 4-курсының бірінші тоқсаны, яғни желтоқсанына дейін дерлік жалғасады. Жас Әлиханнның орысша және қазақша «Мулла в К-ском [Каркаралинском] уезде» және «Қ. [Қарқаралы] оязының молласының баяны» атты ең алғашқы 2 туындысы «Особые Прибавления к «Акмолинским областным ведомостям» газеті мен оның қазақша «Дала уалаятының газеті» қосымшасының 1889 жылғы 12 мамырында жарық көрсе, «Письмо в редакцию» және «Хат баспаханаға» атты соңғы мақаласы сол жылдың 25 желтоқсан күнгі санында қос тілде жарияланды. Бұл бұлтартпайтын жайт Әлихан өз

# ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ

## ТҰҢҒЫШ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМНЫҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕНІНЕ – 110 ЖЫЛ

XX ғасырдан бастау алатын жаңаша тарихымызда «Қазақ» газетінің алатын өшпес тарихи маңызы мен орны әлі де болса лайықты бағасын ала қойған жоқ. Оған қоса сонау баста тұңғыш жалпыұлттық мерзімді басылым ретінде 1905 жылдың желтоқсан-1906 жылдың қаңтарында Семей іргесіндегі Заречная Слободка кентінде (1917 жылдың мамырынан 1926 жылдың қыркүйегіне дейін Алаш қаласы) басып шығару көзделіп, бірақ отаршыл биліктің қуғын-сүргін саясатының салдарынан 7-8 жыл кешігіп, 1913 жылдың ақпанында Орынборда шыға бастаған «Қазақ» газеті дүниеге келіп, 5 жылдан астам үзілмей жарық көріп тұруын, негізінен, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен және Міржақып Дулатұлымен байланыстырады. Ол – тарихи ақиқат.



Ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысы мен жалпыұлттық «Қазақ» газетінің жетекшілері

санында жарияланған «Омская газета «Степной край» и поллитссылка» атты естелігінде ол туралы тәптіштеп жазды.

областные ведомости» (Семей), «Туркестанские ведомости» (Ташкент), «Оренбургский листок» (Орынбор) газеттерінде жиі жарияланып тұрды.

1905-1906 жж. «Семипалатинский листок» газетінің редакция мүшесі әрі тұрақты авторы, 1906-1908 жж. «Сибирская жизнь» (Томскі) газетінің редакция мүшесі, «Сын отечества» (СПб) басылымның тұрақты авторы болды.

1913 жылдың 2 ақпанында сонау Орынборда жарық көре бастаған «Қазақ» газетін одан 7-8 жыл бұрын, 1905 жылдың желтоқсаны-1906 жылдың қаңтарында Семей іргесіндегі


Ал газет шыққан күнде оның алғашқы редакторы, әрине, Мемлекеттік дума депутатына сайланғанға дейін, Әлиханнның өзі болып, Дума мәжілісіне аттанған күні редакторлықты А.Байтұрсынұлына тапсырып кетуді жоспарлаған болса керек. «Қазақ» газетін шығармаған соң, 1906 жылдың шілдесі-1907 жылдың ақпаны аралығында Әлихан Омбыда Дала генерал-губернаторының қатаң бақылап, аяусыз құдалауы салдарынан бірінен соң бірі жабылып, бірінің ізін суытпай екіншісі шығып тұрған «Иртыш», «Омич» және «Голос степи» газеттеріне іс жүзінде құрылтайшы әрі баспашы-

1908-1910 жж. «Сибирские вопросы» журналы (СПб), 1908-1917 жж. кадеттердің «Речь» және «Слово», «Мусульманская газета» және «В мире мусульманства» газеттерімен (СПб) тығыз қарым-қатынаста болды. Бір қызығы, «Он тоғыз бола ма?» атты мақаласында: «Бақытжан, Сералы «Алаш» деп бұлдыратып жүргенде, мен абақтыда жатып қазақ жері туралы жазған мақалаларым «Сибирскія вопросы» деген орыс журналының мына нөмірлерінде: 16-17, 18, 21-22, 27-28, 33-34, 35-36, 37-38, 45-46, 47-48, 1908 жылғы, «V» деп қол қойған. Орысша білетінің, оқып қара» деп ескерткеніндей, ол мақалаларды Семей түрмесінде отырып жазған-ды. Байқасақ, ана тілінде газет шықпай тұрған кезде Ә.Н.Бөкейхан, негізінен, орыс мерзімді баспасөзінде жарияланып келді.

Ә.Н.Бөкейхан бірде-бір қазақ газетіне редактор болмапты деушілер де шығуы мүмкін. Бірақ оған айтар уәж де жоқ емес. Алаш Орда үкіметін басқарып жүрген 1918 ж. Ә.Н.Бөкейхан Алаш шаһарында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің кемінде 3-4 санына баспашы-редактор болғаны бар. Газеттің 1918 ж. шілде айындағы 45-47 сандарында «Шығарушы Ғали хан Бөкейхан. Қазақ Көмитеті баспаханасы. Алаш шаһары. Тип. Сем. Обл. Киргиз. К-та. Басты-рушы «Теңдік» серіктігі» деп көрсетілген. «Кемінде 3-4 саны» дегені себебі: «Сарыарқаның» 1918 жылдың маусымдағы 43-44 сандарын шілде-қыркүйек айларындағы 48-56, сондай-ақ №58 сандары әзірше түгел табылмай отыр. Сол себепті ол сандарына кімнің шығарушы редактор болғанын кесіп айту қиын. Қолда бар №59 санынан бастап Имам Әлімбақтың редакторлығымен шыға бастағанын байқаймыз.

Осы күнге дейін «Қазақ» газетіне жарияланған мақала-материалдардың авторлары сөз болса, негізінен, қайсы лақап есім кімдікі деген мәселе төңірегінде болатын-ды, авторы көрсетілмеген мақала-материал өзінен-өзі газет редакторы А.Байтұрсынұлына жатқызылатын. Ол да, бір жағынан, заңды. Екінші жағынан, «Қазақ» газетінің 10 ақпандағы №2 санынан бастап басылымның бірінші бетінде, ал атауындағы «Оренбург» сөзінен басқа жалғасы газеттің шыққан күніне орай, мысалға «Оренбург, 10-ншы феврал» атты жаңа бас мақала пайда болды. Келе-келе «Қазақ» газетіндегі тұрақты да дәстүрлі тақырыпқа (айдарға) айналған бұл бас мақаланы Әлихан Бөкейхан өзі баспашы-редактор ретінде 1906-1907 жж. Омбыда шығарып тұрған «Иртыш», «Омич» және «Голос степи» газеттерінен үлгі етіп алып жалғастырды. Мысалы, «Иртыш» газетінің 1906 жылдың 19 шілдесінен бері шыққан алғашқы сандарының бас мақалалары «Омск, 19 июля», «Омск, 22 июля», «Омск, 23 июля» деген айдармен шықты. 1906 жылдың 11 қарашасында ақырғы саны шығып, Дала генерал-губернаторының бұйрығымен тоқтатылған «Иртыш»-тың орнына 14 қарашадан шыға бастаған «Омич» газеті, мысалға 17 және 21 желтоқсандағы сандары да (қалған сандары қолға түспеді; бәрі де тарихшылар мен тарихсүйгіш азаматтардың жеке қорында сақталыпты) «Омск, 17 декабря» және «Омск, 21 декабря» деген бас мақалалармен басылып шықты. 1906 жылдың 31 желтоқсанында тағы да генерал-губернатордың бұйрығымен тоқтатылған «Омич»-тің орнына 1907 жылдың 1 қаңтарынан жарық көре бастаған «Голос степи» газетінің №1 саны «Омск, 1 января» деген бас мақаламен шықты.

«Омск, 19 июля... 1 января» мақалалары «Иртыш», «Омич», «Голос степи» газеттерінің барлық санында үзілмей беріліп тұрса, «Оренбург, ... феврал» сынды бас мақала «Қазақ» газетінде мезгіл-мезгілмен ғана беріліп тұрды. «Иртыш», «Омич», «Голос степи» газеттеріндегі бас мақалалар Ә.Н.Бөкейханнның өз қаламынан шыққан болса, «Қазақ» сандарындағы «Оренбург, ...» мақалаларының авторы да, негізінен, өзі болды деп кесіп айтуға негіз бар. Алаш көшбасшысы қайсыбір себеппен (көбіне Петроград, Мәскеу, Минскі, Киев және т. б. қалада іссапарда жүретін. – С.А.) мақала жазып үлгермеген күнде, сирек болса да Міржақып жазып тұрғанын байқалады.



«Қазақ» газеті сандарының топтамасы

мақалаларын «Қазақ» газетіне үнемі орыс тілінде жазып, оны «Ахан (А.Байтұрсынұлы) мен Жақан (М.Дулатұлы) қазақшалап жариялап отырды» деп еш дәлелсіз жорушылардың «құлағына алтын сырға болсын» деп айтып отырмын.

Келесек ұлт көсемі баспасөзге бет бұрған алғашқы күнінен-ақ қазақша «Ә.Н.» (Әлихан Нұрмұхамедұлы), орысша «А.Н.» (Алихан Нурмухамедов) лақап есімін қолданып, ал өзінің әйгілі «Қыр баласы» және орысша «Сын степей» деген лақап есімін де сол 1889 жылдан бері пайдалана бастағанын, бірақ ол кезде «Қырұғлы» және «Сын степи» деп жазғанын атап өту керек.

1890-1894 жж. Орман институтында (С.-Петербург) оқыған 4 жыл ішінде астаналық басылымдарға жарияланып көрді ме деген сауалға әлі де тиянақты жауап жоқ. Ал Әлиханнның өз сөзімен айтсақ, 1895 ж. «Ресейден туған отанына (Омбыға) оралуы» қазақтың Дала өлкесіндегі тұңғыш тәуелсіз басылым – «Степной край» газетімен тығыз қарым-қатынасынан басталады. Ел ағасының ұзақ жылғы ғылыми әрі саяси әріптесі, «масон бауыры» Сергей Швецов 1930 жылы «Северная Азия» (Мәскеу) журналының №1

Әлиханнның тағы бір жақын әріптесі әрі «масон бауыры», Шербина экспедициясы құрамында бірге жұмыс атқарған Лев Чермак Ресейдің әдебиет және өнер мемлекеттік мұрағатында (РГАЛИ) қолжазба нұсқасында сақталған естелігінде «Степной край» редакциясында Әлиханнан көп жұмыс істейтін ешкім болмағанын: өзі мақала жазумен қатар, редакцияға келіп түскен материалдарды оқып, түзетіп, редакциялап газеттің кезекті санына ұсынатын да, кейбір мақаланы С.-Петербург баспасөзіне (шамамен «Сын отечества» газеті. – С.А.) жолдап отыратын да Ә.Н.Бөкейхан екенін жазды. С.П.Швецовтың дерегіне, Әлихан «Степной край» марксистдер мен халықшылдардың қолында болған 1895-1897, 1902-1903 жж. жұмыс істеген. 1905 ж. газет социал-демократтар қолына өтуіне байланысты 1905-1907 жж. -ғы төңкеріс кезінде ол «Степной край»-да мезгіл-мезгіл ғана жарияланып тұрды.

1899-1902 жж. қыр баласы бұрынғы «Особые Прибавления к «Акмолинским областным ведомостям» газетінің орнына шығатын «Киргизская степная газета» мен оның «Дала уалаятының газеті» (Омбы) қосымшасында, «Семипалатинские

Заречная Слободка кентінде жарыққа шығару жоспарланғанын тарихшылардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Тұңғыш қазақ газетін шығару 1905 жылғы Қоянды жәрмеңкесінде 14500 қазақ қол қойған «Қарқаралы құзырхатында» жазылған болса, оны Әлихан I Мемлекеттік дума сайлауының қарсаңында ұйымдастырып шығару үшін Мәскеуден қырға қарай жолға шыққанын 1905 жылдың желтоқсанында петерборлық «Наша жизнь» газеті хабарлады. Алайда 1906 жылдың 1 қаңтарында Дала өлкесіне «әскери жағдай» орнатылып, 8 қаңтарда Әлихан Омбыдан шығып Тұзқала (Павлодар) түбіндегі Ямышевский кентінде тұтқындалып, тергеусіз, сотсыз алдымен Тұзқала, одан соң Омбы абақтысына жабылды.

редакторы болды. «Іс жүзінде» дейтін себеп: үш газетте де баспасөзге еш қатысы жоқ адвокат И.А.Поварённых («Иртыш»), әйел кісі Н.А.Вереденко («Омич») және Д.В.Иванов («Голос степи») баспашы-редактор ретінде көрсетілді. Онымен қарама-қатар Омбыдағы «Степной пионер» газетінде I Мемлекеттік думаны қуып таратуға себепші болған реакцияшыл жаңа премьер-министр П.А.Столыпиннің саясатын аяусыз әшкерелеп сынайтын мақалалар тізбегін жариялап тұрды.

1937 жылдың шілде-қыркүйек айларында Бутырка түрмесінде ОГПУ тергеушісіне берген соңғы жауаптарының бірінде Әлиханнның өзі атап көрсеткендей, 1908 ж. меньшевик социал-демократтарының «Товарищ»,



«Омич» газетінің 1906 жыл 17 желтоқсандағы №22 саны



Ә.Н.Бөкейхан жарияланып тұрған өлкелік газеттер

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейінгі 5 жыл бойы патшалық биліктің қара қуғын заманында сүрінбей, үзілмей жарық көріп тұруы Әлиханнның осы бай тәжірибесінің жемісі екеніне еш күмән болмауы керек. Оның тәжірибесі тұңғыш жалпыұлттық басылымның қай қырынан байқалады, соған тоқталайын.

Бірақ Жақан мақала астына өзінің аты-жөнін үнемі көрсетіп отырды. Мысалға «Оренбург, 14-нші сентәбір» мақаласы астына авторын «М. Д.» деп көрсетті («Қазақ». – 1913. – 14.09. – №30. – 1 б.).

Сұлтан Хан АҚҚҰЛЫ,  
алаштанушы-зерттеуші

(Жалғасы бар)

Белгілі сатирик, жазушы, тарихтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Табыл Құлыястың өмірден озғанына бір жыл болды. Жақында «Фоллиант» баспасынан қаламгердің очерктері, мақалалары, фельетондары, сұхбаттары мен ол туралы естеліктер жинақталған «Ойы – терең, сықағы – ерен» атты кітап жарық көрді. Кітапты жазушының жары Күләш Маханова құрастырды.


Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Өткен ғасырдың елуінші жылдары журналистика майданына, әдебиет әлеміне қадам басып, өмірінің соңғы күндеріне дейін қаламын қолынан түсірмеді. Кіндік қаны еліміздің батысындағы Ойыл өлкесіне тамса да, солтүстіктің де, оңтүстіктің де дәмін татып, сол өңірлерде шығатын басылымдарда айқын із қалдырды. Көкшетау, Жамбыл облыстық газеттерінен кейін республикалық теле-радионың Торғай, Ақмола облыстарындағы меншікті тілшісі бола жүріп, Сарыарқаның сайын даласын мекендеген еңбек адамдарын, өнерпаздарды насихаттады. Тұрмыс-тіршіліктегі түйткілдерді ашып, келеңсіз тұстарды ащы тілімен сынады.

Бұрынғы астанамыз Алматыда да тұрып, қазақ телевидение-сінің насихат редакциясында редактор қызметін атқарды. Осы қызметте «Жебе» сатиралық журналын шығарды. Белгілі әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаұлы Табыл Бекқазыұлының жетпіс жас мерейтойына «Қазақ елінің қаламгері» атты мақала арнады. Атауы табылған тақырып, қаламгер, шынында да, бар қазаққа ортақ дүниелерді, ұлттымыздың қасиетті тарихын қаламына арқау еткен еді.

Халқымызға ашаршылық, саяси қуғын-сүргін сияқты небір зобалаң әкелген отызыншы жылдары туған жазушының бәрін жүрегінен өткізіп жазды. Екі жасында туған әкесі Тұрсынғали «халық жауы» ретінде ұсталып, әкесінің ағасы Бекқазының қолында өсіп, соның атына жазылды. Жеті жасында одан да айырылып, жетімдіктің тақсыретін тартудай-ақ тартты. Соған қарамастан жүрегі қатаймады, айналасын күлкіге қарық қылып жүретін жарқын жан еді. Жазушының мұңы – ұлттың мұңы, жазушының шері – ұлттың шері болды.

1995 жылдан бастап ширек ғасыр бойы көршілес Ресей-



## ҚАБІЛЕТІ БАҒЫН ЖАНДЫРҒАН

дегі Омбы, Новосібір, Кемер, Орынбор, Қазан, Орск, Барнаул қалаларындағы архивтерді ақтарып, құжаттардың шаңын қағып, қазақ тарихына қатысты деректерді жинады. Нәтижесінде «Қан кешу», «Қырғын», «Қанжоса ғасыр», «Миға қойылған бомба» атты кітаптары шықты. Бұл туындыларында қазақ тарихына, отызыншы жылдардағы нәубетке қатысты архив құжаттары негізінде небір шындық жазылған.

Мәселен, «Қанжоса ғасыр» романына алғысөз жазған көрнекті жазушы Әбіш Кекілбайұлы бұл кітап бұрын-соңды белгісіз болған деректерді мәлім етуімен құнды екенін, «өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандыруға» аз да болса үлес қосатынын байқағанын айтқан еді. «Негізгі кейіпкерлері – халықтың көшбасшыларына арқа сүйеген елдің орта ойлылары, қарапайым адамдар, солардың сұрапыл жылдардағы зәбірі. Түрмелер мен лагерьлерде аналарымен бірге азап тартқан бір-үш жас аралығындағы балалардың бүгінгі тірілерге айтатын аманаты... Сталиндік қуғын-сүргінді бастан кешкендердің зары ұрпақ зердесі арқылы бүгінгілерге сақ бол деп үндегендей. Шығарманың тағы бір құндылығы осында жатыр» депті онда Әбіш Кекілбайұлы. Бұл кітапта Новосібір, Омбы архивтеріндегі деректермен қатар Ақмола облыстық прокуратурасы сақтаған қуғын-сүргін жылдарының құжаттары, әсіресе елорда іргесіндегі «АЛЖИР» деректері мольнан қамтылған. «Миға қойылған бомба»

кітабында таңдамалы шығармалары жинақталды. Сонда сұрқай саясаттан халықтың көрген қорлығын әшкереледі. Жағымпаздықты, жалтақтықты, жемқорлықты, сатқындықты сынады. Әлдекімдерді ұлтым, жерім, елім, халқым дейтін сенімге селкеу түсіргені үшін қаламымен түйреді.



1995 жылдан бастап ширек ғасыр бойы көршілес Ресейдегі Омбы, Новосібір, Кемер, Орынбор, Қазан, Орск, Барнаул қалаларындағы архивтерді ақтарып, құжаттардың шаңын қағып, қазақ тарихына қатысты деректерді жинады. Нәтижесінде «Қан кешу», «Қырғын», «Қанжоса ғасыр», «Миға қойылған бомба» атты кітаптары шықты. Бұл туындыларында қазақ тарихына, отызыншы жылдардағы нәубетке қатысты архив құжаттары негізінде небір шындық жазылған

Жазушы осының бәрін жинақтап, жазғанда қаншама көз майын тауысты. Өмірінің соңғы жылдары көруі нашарлады. Әйтпесе бұдан бұрын үйінің іргесіндегі редакциямызға жиі келетін. Басылымымыздың тұрақты авторы болды. Жалпы Табыл Құлыяс кешегі Ақмола – бүгінгі Астана журналистикасының қалыптасуына үлкен үлесін қосты. Торғай облысы жабылғаннан кейін, 1988 жылы Ақмолаға келді. Облыстық телевизиядағы «Бұғалық» сатиралық тележурналын, өзіміздің «Астана ақшамы» газетінде «Қалақай» мүйісін шығарды. Соңғы күніне дейін газетімізбен байланысын үзген жоқ. Телефон шалып, материалдарын жолдап тұратын. Мақаласы жарияланған күні «Газеттерін бүгін жақсы шықты» дейтін.

Әңгімелерін, деректерін өзіміз жазатын материалдарға да арқау еткеніміз бар. Осыдан он шақты жыл бұрын әдеттегідей редакцияға соқты. Ақсақал болса да жаңа заманға бейімделіп алып, жазған-сызғанын флешкада сақтайтын. Өзінде флешканың түр-түрі болды. Өтініш айтқан соң, бір флешкасын тазалап, жазғандары мен бірнеше суретті басқа флешкасына көшіріп бердік. Көшіріп отырғанда бір ескі суретке назарымыз ерекше ауды. «Марқұм Ізтай Мәмбетов

қой біреуі» деген Табыл ағамыз ақынмен кездесудің тарихын айтып берді. Соны артынша «Сурет сыры» айдарымен газетке жаздық. Ал флешкасындағы материалдары мен суреттер компьютерімізде әлі күнге дейін сақталуы.

Сатиралық шығармаларынан бастап романдарына дейінгі еңбектері әдебиеттанушылардың, замандас жазушылардың тарапынан жоғары бағасын алды. Атап айтқанда, қазақ сатирасының білгір теоретигі, көрнекті ғалым Темірбек Қожакеевтің ғылыми-зерттеу еңбектерінде Табыл Құлыястың 19 фельетон туыраи толымды пікірлері қамтылды. Көрнекті жазушы Дүкенбай Досжан «Сатира сарбазы» атты мақаласында «Табыл Құлыяс – бұл күнде ауылдың әжуасын, әжік-күжігін шыырлап жүрген журналист емес, елдің, халықтың сөзін айта бастаған барақатты ойдың, көркемделген оқиғаның үлкен қаламгері. Өресі биік білімпаздың өзі» деп жазды. Ал қабырғалы қаламгер Әнес Сарай «Табылдың қаламгерлік өмірде жолының болғаны менменсуден аулақ кішік те биязы мінезінен, адаммен қыбын тауып сөйлесе білетінінен деп түйсінем. Бірақ шығармашылық талантың болмаса, дүниауи бұл тірліктің бәрі арамгер, әбігершілік. Қаламгер бағын жандыратын басқа емес, қабилет» деді «Табыл тағылымы» атты мақаласында. Бұл – замандастарының берген әділ, дәл бағасы.

Біз бұған еңбекқорлығын қосар едік. Рас, тыным таппайтын еді. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінің былтырғы 17 ақпан күні шыққан санынан «Махамбеттің соңғы сөзі» атты мақаласын оқыдық. Ал ертеңіне жазушы өмірден озып кетті деген хабарды естідік. Мұны қаламын соңғы күндеріне дейін қолынан түсірмеді деген сөзімізге дәлел болсын деп жазып отырмыз.

Табыл Құлыястың көзі тірісінде-ақ филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше табылтануға жол салды. «Қария қаламгердің шығармашылығы «табылтану» деген тағылым пәні ретінде жас оқырмандардың зейінін аударып, әдебиет сүйермендерінің көңілінен шығатынына әрі көркемсөз бен көсемсөздің керуенін көркейте түсетініне бек үміттіміз» деп жазды ғалым. Оған ұлт тарихын тану үшін Табыл Құлыястың туындыларын оқу керек деген пікірді қосамыз.

## ИГІЛІКТІ ІСТІҢ ҮЗДІГІ

Елордамызда өз еркімен қоғамға пайдасын тигізуді көздейтін еріктілер қатары жыл санап артып келеді. Бос уақытын тек жақсылық жасауға арнаған жандардың елеулі еңбегіне қоғам да риза. «Жыл волонтері-2021», «Volunteer fest 2022» жеңімпазы атанған «Астана қайырымды жандары» атты еріктілер тобының мүшесі Нұрсейіт Жұпар да дәл осындай ел сүйсінер іспен айналысып келе жатқанына біраз уақыт болыпты.

Қазіргі таңда Астана қаласының №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде аға өрт сөндіруші қызметін атқарып жүр. Күнінің бос уақытында барын жоқ-жітікпен бөлісіп, қайырымдылық жасап, абыройлы болып жүрген азамат жыл басынан бері бірталай жұмыс істеп үлгерген. Еріктілер тобы 43 отбасын азық-түлікпен қамтамасыз еткен, Манас көшесіндегі мамандандырылған балалар үйіндегі балаларды сыйлықпен қуантқан, Қостанай облысында орын алған өртке байланысты аймақ тұрғындарына азық-түлік жіберген, сонымен қатар қаладағы 7 мешітті тазалауға көмектескен. Жастайынан жақсылық жасауға ұмтылып, еріктілер қатарына 2019 жылы қосылған.

Жақсылық жасаудың шегі жоқ әрі ол уақыт талғамайды. Десе де жыл мезгілдеріне байланысты аталған жұмыстың өзіне тән қиындығы мен қызығы болады. Атап айтқанда, қыс мезгілінде көшедегі қар тазалаушыларға ыстық шайы мен тамағын беріп, оларға көмектеседі, кей жағдайларда көмірін де төгіп береді. Ал басқа мезгілдерде қала көшелерін абағтандырып, мешіттердің маңайындағы тазалықты сақтауға атсалысады. Еріктілер қызметі көмекке мұқтаж адамдар мен қарттарға жәрдемдесуді ғана қамтиды десек, қателесеміз. Бұл қажырлық пен уақытты тиімді пайдалануды талап етеді.

Ерікті болудың өзі біраз ізденісті қажет етеді. Нұрсейіт тобы көмекке мұқтаж немесе отбасылық жағдайы нашар ересектер мен балалардың

тізімін мешіттерден және мектептерден алады екен. Кейбір кезде көмек қолын сұрағандарға әлеуметтік желілер арқылы кері байланысқа түседі. Ал тізімнен тыс қарттар мен балалар үйіне барып, олардың көбінің көтеру мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастырады. «Адамдардың жүзінен күлкі көру үшін жүректен мейірді бос уақытымызға айырбастаймыз» дейді әңгімелесушіміз. Өрт сөндірушінің «Үздік әлеуметтік көмекші» номинациясы – атқарған жұмысының нәтижелі екенінің дәлелі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, еріктілер өзінің тапқан табысының белгілі пайызын қайырымдылық қорларына, әр жұма сайын мешіттерге немесе жоғарыда аталған қарттар мен балалар үйіне жұмсайды.

Ерікті болу атаулы білімді қажет етпейді. Ол үшін тек жылы жүректі жан болуыңның өзі жетіп жатыр. Адамдардың жүзіне бір күндік қуаныш сыйлағанына қуана білген Нұрсейіт Жұпар «Жылына бір рет қан орталығына барып, донор боламын» дейді. Мұндағы жылына бір рет деп отырғаны өзінің туған күніне сөйкес келетінін де жасырмады. Өзге адамдардың тағдырына алаңдап, туған күнінде өзгеге сыйлық сыйлаған қайырымды жас «Жақсылық жасау кез келген адамның қолынан келеді, оған тек ниеті түзу болса жеткілікті» деп сөзін түйіндеді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің  
4-курс студенті



## ПАРАСПОРТШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Amanat партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында Пара Азия ойындарының жеңімпазы Сиязбек Дәлиевпен кездесу өтті.

Жүзуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері Сиязбек Дәлиев бала кезінен футбол, күрес сынды спорт түрлерін жақсы көріп өсті. Алайда жазатайым оқиғаға ұшырап, екі қолынан айырылды. Соған қарамастан, бүгінде ол – парақжүзуден Азия және Еуропа чемпионы, әлем кубогының иегері.

Іс-шараға 60-тан астам студент қатысты. Жастар қауымының алдында спортшы қоғамның ерекше қажеттілігі бар адамдарға деген көзқарасы, отбасының көрсеткен қолдауы және Паралимпиада ойындары алдындағы дайындығы жөнінде әңгіме өрбітті.

«Мен қатысқан алғашқы халықаралық жарыс 2009 жылы Токиода өткен Азия жасөспірімдер ойындары болды. Онда мен

екі екінші және екі үшінші орын алдым. Осылайша, жеңістің дәмін татқаннан кейін менде ерекше ынта, қызығушылық пайда болды. Өзіңді сүйікті ісіңе арнаған кезде ғана мол нәтижеге қол жеткізуге болады. Бүгінде 2 баланың әкесімін. Оларды өмірлік жолыммен ынталандырамын деген ойдамын. Өркімнің жетістікке жетуге мүмкіндігі бар» деп атап өтті Сиязбек.

